

ӘЛЕМ КӨЗ ТІККЕН АМЕРИКА

Харрис, әлде Трамп...
Президент сайлауында
кім жеңіске жетуі
мүмкін?

2

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ



OPENAI компаниясы:

CHATGPT

чат-боты қолданысқа
енгеніне – екі жыл

3

CAMMIT



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ АЛАҢЫ

4

ТҰРҒЫН ҮЙ

БАСПАНА ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

920 алматылық отбасы жалдамалы пәтерге ие болды

Қаламызда кезекте тұрған
тұрғындарға жаңа пәтерлердің
кілті табысталды.



Айнабай
МӘДИ

Шаһарымызда кезекте тұрған азаматтарға арналған жалға берілетін пәтерлерді берудің екінші кезеңі басталды. Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың тапсырмасымен 2024 жылы қаладағы коммуналдық тұрғын үй қорынан 2000 жалдамалы пәтер бөлінген болатын. Бұл баспананы жетім балалар, ардагерлер, I, II топ мүгедектері, толық емес және көпбалалы отбасы мүшелері, зейнеткерлер мен мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған ата-аналар – барлығы 201 адам алды. Алматы қаласының Коммуналдық инфрақұрылымды дамыту басқармасы басшысының орынбасары Ғалымжан Әбдішүкірұлы қоныс тойына әзірленіп жатқан тұрғындарды құттықтап, оларға техникалық қызметке қатысты ережені егжей-тегжейлі түсіндіріп берді.

– Бұл – мен үшін өте маңызды сәт. Мен жаңа, заманауи үйден пәтер алғанымға қуаныштымын. Баспананы 2013 жылдан бері күттім. Бұған дейін жекеменшік секторда үй жалдап тұрдым. Пәтер алуға мүмкіндік беретін қолданыстағы мемлекеттік бағдарламаларға өте ризамын, – деп, кезекте тұрған қала тұрғыны Зулфияра Халиулова баспаналы болған қуанышымен бөлісті.

Бірінші жартыжылдықта Наурызбай мен



Медеу аудандарында 1080 отбасы жалдамалы тұрғын үйден пәтер иеленді. Қараша айында тағы 920 алматылыққа кілт табысталып, олар Наурызбай ауданындағы жаңа пәтерлерге қоныстанады деп жоспарлануда. Бөлінген 2000 пәтердің 400-і – жетім балаларға, 250-і – ерекше қажеттілігі бар адамдар мен мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған отбасыларға, 1350-і – басқа санаттарға (ардагерлер, көпбалалы отбасы, толық емес отбасылар, т.б.) берілді.

Сонымен бірге, биыл жұмыс істейтін алматылық жастарға да 2100 жалдамалы пәтер берілді. Жұмыс істейтін жастарға арналған



сатып алу құқығынсыз жалдамалы тұрғын үй бағдарламасы жастарды қолдауға, сондай-ақ жеке баспана сатып алуға ынталандыруға бағытталған. Жұмыс істейтін жастарға арналған жалдау шартында ай сайынғы төлем мөлшері – 7-ден 15 мың теңгеге дейін белгіленген. Алайда, мұнда сатып алу құқығы мен жалдау мерзімін ұзарту мүмкіндігі қарастырылмаған. Бұған қоса, жұмыс істейтін жастарға арналған жалдамалы тұрғын үйді жалдаушылар үш жыл ішінде екінші деңгейлі банктерден ипотека арқылы баспана сатып алу үшін депозитке қаражат жинауға міндетті.

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҺАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

Almaty AQSHAMY



12+

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №94 (6545) 5 қараша, сейсенбі, 2024 жыл. | www.aqshamnews.kz

ГЕОСАЯСАТ

ҚҰБЫЛМАЛЫ ЖАҒАНДЫҚ ҚЫСЫМ

аймақ елдеріне қалай әсер етеді?



Көпжақты сыртқы саясат – Орта Азия елдерінің күрделі геосаяси жағдайдағы басты ұстанымы. Құбылмалы жағдайда аймақ елдері бұл бағыттағы сыртқы саясатын қорғап қалуға күш салуда. Соңғы бес жылдықта аймақтағы ықпал етуші күштер теңгерімі де олардың арасындағы бәсеке де қарқынды өзгерістерге ұшырап жатыр. Мұндай кезең аймақ елдеріне бұрын-соңды болып көрмеген сын-қатерлерді еңсеруді міндеттеу үстінде. Аймаққа дәстүрлі ықпал етуші саналатын Ресей мен Батыс арасындағы шиеленістің күшеюі кезінде аймақ елдеріне түсетін қысымдар да артты.

Айталық, қазір Орталық Азия елдері санкция қатерімен бірге тарихи серіктесі ортасындағы соқтықпалы, соқпақсыз жолды бастан өткеруде. Әрқаз АҚШ пен Еуропалық одақтың жаңа санкция пакеті жарияланған тұста аймақ елдері осы жолдың тәуекелдеріне қайталай көз жүгіртіп отыруы қажет екенін ұғынып жатқандай. Көршіге салынған санкция аймаққа қалай әсер етіп жатыр? Тәуекелдер мен ықтимал қауіптердің деңгейін қалай бағалаймыз? Бұл сұрақтар өзінің өзектілігін ұдайы есімізге салып жатыр.

2

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы

5.11.2024

Түнде:



+8+10 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+13+15 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

6.11.2024

Түнде:



+8+10 °C

Көшпелі бұлтты, жаңбыр.

Күндіз:



+13+15 °C

Көшпелі бұлтты, жаңбыр, кей уақытта қатты жаңбыр.

7.11.2024

Түнде:



0,+2 °C

Бұлтты, жауын-шашын (жаңбыр, қар). Кей уақытта тұман.

Күндіз:



+5+7 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз. Таңертең тұман.

www.aqshamnews.kz



ДӨНГЕЛЕНГЕН ДҮНИЕ

ӘЛЕМ КӨЗ ТІККЕН АМЕРИКА

Харрис, әлде Трамп...


Президент сайлауында кім жеңіске жетуі мүмкін?

ТЕК ЖЕҢҮ

ЖЕТКІЛІКТІ ЕМЕС

АҚШ-тағы саяси жүйе өзге елдерге ұқсамайды. Онда саяси додада жеңіске жетіп президент болумен күрес аяқталмайды. Себебі, конституцияда ғана емес, саяси тәжірибеде де тепе-теңдік және тежемілік қағидасы сақталады. Президенттік лауазым сайлаушылар алдында берген уәделерінді жүзеге асыруға толық мүмкіндік бермейді. Үкіметтен бөлек Сенат және Өкілдер палатасы, сот және құқық қорғау органдары, азаматтық қоғам секілді институттар бар. Сенат пен Өкілдер палатасында сенің партияң басымдыққа ие болуы тиіс. Әйтпесе сайлауалды бағдарламанды жүзеге асыра алмайсың. Сарапшылардың болжамы бойынша сайлаудан кейін Сенатта республикалықтар үстем болса, Өкілдер палатасында демократтар басымдыққа ие болуы мүмкін.

Сайлауда кім жеңіске жетсе де, оған қиын болмақ. Себебі, оған қарсы партия кез келген саяси механизм арқылы сайлаушылар алдындағы берген уәделерді орындауға кедергі келтіреді. Екінші жағынан БАҚ, сондай-ақ азаматтық қоғам институттары және азаматтар тарапынан сын тоқтаған емес.

Пердехан
ШӘМШИЕВ,
сарапшы.Естай
БОЖАН,
сарапшы.

(Дереккөз: Getty Images).

САЙЛАУ АЛДЫНДАҒЫ СОҢҒЫ СӨЗ

3 қараша – сайлауалды үгіт-насихат жүргізудің соңғы күні. Д.Трамп бұл күні Пенсильвания, Солтүстік Каролина және Жоржи штаттарында, ал К.Харрис Мичиганда митингке қатысып, жақтастары алдында сөз сөйледі. Д.Трамп әдеттегідей бірбеткейлігімен көзге түсті. Ал К.Харрис христиандар мен америкалық арабтарды өзіне дауыс беруге шақырды.

К.Харрис өткен жексенбіде екі ойлы Мичиган штатына келді. Митинг өтетін орын ретінде шіркеу таңдалды. Себебі, қалай дегенмен де, америкалықтардың басым көпшілігі христиан дінін ұстанушылар. Әсіресе, протестанттар мен католиктердің үлесі басым. Қала берді, Мичиганда афроамерикалықтар мен америкалық арабтардың саны көп. Олар Харристің негізгі әлеуметтік базасы болып табылады. Демократтардың көшбасшысы оларды өзіне дауыс беруге үгіттеді.

Алайда, америкалық басылымдар оның бұл әрекетінің нәтиже беретініне күмәнмен қарайды. Афроамерикалықтар мен әйелдер Харристі қолдайтынына күмән жоқ. Дегенмен, америка-

лық арабтар демократиялық партияны қолдамайды. Себебі, қазіргі президент Джо Байден де демократ. Ол президент болған тұста Газа секторында гуманитарлық дағдарыс орын алды. Америкалық арабтар К.Харристі қазіргі президенттің саяси жақтастары ретінде біледі. Сондықтан Мичиганда екі үміткер тең болуы немесе Д.Трамп аздаған басымдықпен жеңіске жетуі мүмкін.

Харрис соңғы үгіт-насихат күнінде бір штатта, ал Д.Трамп үш штатта жақтастары алдында сөз сөйледі. Үшеуі де екі ойлы штаттар. Трамп онда әдеттегідей батыл мәлімдемелер жасады. БАҚ өкілдерін сынады. Өзіне жасалған екі қастандықты айыптап, демократиялық құндылықтарға қарама-қайшы екенін айтты. Сондай-ақ, 2020 жылы сайлауда жеңілмегенін қайталады.

«ЕКІ ОЙЛЫ» ЖЕТІ ШТАТ

24 қазан – 2 қараша аралығында New York Times Siena College оқырмандары арасында әлеуметтік сауалнама жүргізді. Оған 8 мыңға жуық адам қатысқан. Сауалнама нәтижесіне сүйенсек, Демократиялық партия атынан үміткер К.Харрис пен Республикалық пар-

тиядан үміткер Д.Трамп жеті «екі ойлы» штат бойынша қатар келе жатыр. Қай үміткерге дауыс беретіні туралы нақты шешім қабылдамаған штаттар «екі ойлы» деп аталады. Оларға Невада, Солтүстік Каролина, Висконсин, Аризона, Мичиган, Жоржи және Пенсильвания кіреді. Осы штаттардағы дауыс беру нәтижесі сайлауда кім жеңіске жетеді деген сұраққа жауап беруі мүмкін.

Қоғамдық пікірге жүргізілген New York Times сауалнамасына сәйкес, Невада, Солтүстік Каролина және Висконсинде К.Харристің жеңіске жету мүмкіндігі басым. Ал Аризонада Д.Трампы қолдайтындар көп. Ал қалған үш штатта екі үміткер қатар келеді.

Сауалнамаға қатысқандардың 40%-ы К.Харристі қолдап, дауыс

беретіндеріне сенімді. Д.Трампа дауыс беруге ниет еткендердің саны көбірек, алайда олардың басым көпшілігі екі ойлы екендерін айтқан. Бұдан бөлек, Пенсильвания штатында Д.Трампы қолдайтындардың саны қарсыласымен теңесіп қалған. Бұл республикалықтардың көшбасшысы үшін қуанарлық жаңалық. Себебі, бұған дейінгі New York Times жүргізген сауалнамаларда К.Харрис қарсыласынан үстем болған.

Бұл сауалнамадан қандай қорытынды шығаруға болады? Популистік пікірлері көп болғанына қарамастан Д.Трампың қарсыласынан сәл де болса үстем екені байқалады. Біздің ойымызша, осы жеті штаттың кемінде төртеуі республикашылар бағдарын қолдауы мүмкін.

ҚҰБЫЛМАЛЫ ЖАҒААНДЫҚ ҚЫСЫМ

аймақ елдеріне қалай әсер етеді?

АҚШ САНКЦИЯСЫ: ЖАҢА ТІЗІМ

АҚШ-тың Қазына департаменті 30 қазан күні 275 жеке және заңды тұлғаны санкция тізіміне қосты. Вашингтон тарабы бұларды санкцияланған озық технологиялар мен жабдықтарды Ресейге жеткізу схемасына қатысушылар деп санайды. Ең қызығы, осы тізімде қазақстандық және өзбекстандық компаниялардың да аты аталып қалды. Бұған дейін де Батыс елдері Ресей санкциядан айналып өту үшін Орталық Азияны пайдаланады деп санап келген. Осы тұста аймақ елдерінде тіркелген компаниялардың санкция тізіміне енуі біздің де назарымызды аударды.

Құрама Штаттарының қара тізіміне ілінген заңды және жеке тұлғалар арасында Үндістан мен Қытайдың, Түркия мен Тайландтың, тіпті Швейцария азаматтары мен заңды тұлғаларының аты аталған. Бұлардың қатарында елімізде тіркелген Kazstanex және өзбекстандық Uzstanex компаниялары да аталды. Олар металл өңдеу станоктарын Еуропадан Ресейге дейінгі жеткізу схемасын

толықтырушылар етіп көрсетілген. Яғни Орта Азиялық бұл компаниялар тауардың номиналды алушылары болып, жабдықтарды қытайлық Шанхай Винсун компаниясына жеткізуші, ал қытайлық компания тікелей Ресейге экспорттаушы болғаны айтылады.

Бұдан тыс, кезекті санкция тізімінде Өзбекстанда тіркелген Elite Investment Group компаниясы мен түркиялық Guclu Global компаниясының аты қатар кірді. Бұлар ресейлік GTS Grupp компаниясына жыл басында санкцияланған тауарлар тізіміне қосылған электр құрылғыларын ресейлік GTS Grupp-қа жеткізген деп айыпталған.

KAZSTANEX ҚАНДАЙ КОМПАНИЯ?

Ашық мәліметтерге сәйкес, Kazstanex компаниясы елімізде 2014 жылы тіркелген. Egov.kz мәліметтерінде компанияның иесі және директоры ретінде Василий Абрамов деген азамат аталады. Кезекті санкция тізімінде аталған Өзбекстандағы Uzstanex компаниясы да Абрамовқа тиесілі екені отандық ақпарат құралдарында айтылып жатыр. Өзбекстанда бұл компа-

ния Украинадағы соғыстан әлдеқайда бұрын, 2018 жылы тіркелген екен.

Елімізде тіркелген бұл компания өзінің Kazstanex.kz сайтында немен айналысатынын ашық көрсеткен. Яғни өндірушілерден металл және ағаш кесуші, өңдеуші станоктарды, металл шыңдаушы құрылғыларды, термиялық кесу жабдықтарын, ауа үрлегіштерді, ауа алмастыру құрылғыларын, сондай-ақ, техникалық қызмет көрсету станцияларына арналған жабдықтарды жеткізуші компания екені көрсетілген. Әлеуметтік желілерде аталған компанияға тиесілі паракшалардан да осыған ұқсас мәліметтерді кездестіре аламыз.

СЕБЕП ПЕН САЛДАР

Байқап қарасақ, бұған дейін санкция тізіміне ілінген компаниялардың көбі дерлік күні кеше ғана тіркелген кәсіпорындар болатын. Яғни соғыс басталғаннан кейін немесе соның алды-артында ғана тіркелген компаниялар. Әрі олардың акционерлері немесе іскерлік мақсаттары болсын ресейлік заңды не жеке тұлғаларға қатысты болып жатады. Бұның бәрінен санкциядан жалтарудың

ізі көрініп қалатын. Ал соңғы санкция тізімінен елде бұрыннан тіркелген компаниялардың шығуы да назар аудартады.

Шындап келгенде, қазір Батыс санкциялары аймақ елдерінің экономикасына әсер беретін деңгейге жеткен жоқ. Бұл санкцияға ілінген компаниялардың экономикадағы үлесіне де қатысты. Қазірше аймақ елдерінің елеулі ұлттық компанияларының «жаман аты» шыққан емес. Бірақ Батыс тарабы Ресейдің санкцияны айналып өтуде. Орта Азиядағы серіктес елдерді тиімді пайдаланып келгенін қайта-қайта алға тартып әлек. Украинадағы қақтығыс басталысымен, аймақтағы шағын елдердің өзі Ресейге бағытталған экспорт көлемін қауырт арттыруы да күмән туғызбай қоймайды. Санкциялар экономикалық салдарға жете қоймағанмен, белгілі саяси салдарлар бойынша алаңдаушылықты күшейтіп келе жатыр.

Бір анығы, аймақ елдері Батыс елдерімен бұл жағында белсенді диалог жүргізіп келеді. Батыс елдері де күрделі геосаяси жағдайларды ескеріп, санкцияның салмақты ұшы аймақтағы дамушы елдерге соққы болып тигенін қаламайды. Бұндай жағ-

дай көпжақты сыртқы саясат арқылы барлық тараппен ынтымақтастықты дамытқысы келетін аймақты өздерінің стратегиялық қарсыластарына қарай ығыстыру екенін олар да жақсы түсінеді. Дегенмен, кейстердің көбіне қай тарапты да әбігерге салары анық.

Жаңа санкция тізіміне қарай отырып, санкциядан жалтару тек Орта Азияға ғана қатысты емес екенін аңғарамыз. Санкцияны айналып өтудің жолдарын ойлап табушылар да аймақ елдерінің кәсіпкерлері емес екені айдан анық. Мәселе аймақтың Ресеймен тарихи, мәдени, сауда-экономикалық байланыстарының тереңдігінде. Мемлекеттік және қоғамдық құрылымдардағы ортақтықтар да сауда-экономикадағы тығыз байланысқа әсер етіп жатқанын мойындамай болмайды. Бұған қарай отырып, мәселенің саяси астары жоқ екенін түсіне аламыз.



СТРАТЕГИЯ

БАЙДЕН БИЛГІ

ұлттық қауіпсіздік меморандумын жариялады



(Дереккөз: twitter.com/gadget_ry)

Америка Президенті қауіпсіздік тұрғысынан жасанды интеллект (ЖИ) технологиясына елдің көзқарасын анықтайтын АҚШ-тың алғашқы Ұлттық қауіпсіздік меморандумын (ҰҚМ) жариялады.

Бұл меморандум Байденнің ЖИ бойынша бұрынғы атқарушы бұйрығына негізделіп, заманауи ЖИ жетістіктерінің ұлттық қауіпсіздік пен сыртқы саясатқа айтарлықтай әсер ететінін болжайды.

Қауіпсіздік мамандарының пікірінше, бұл әсерлер қазірдің өзінде байқалуда. «ЖИ ұлттық қауіпсіздікке әсерін тигізіп отыр, себебі шабуылдаушылар әлеуметтік инженерия және жалған ақпарат тарату салаларында

ЖИ-ді жоғары көлемді және күрделі шабуылдарды құру үшін пайдалануда», – дейді AppOmni компаниясының ЖИ директоры Мелисса Руззи.

ҰҚМ негізгі үш мақсатты қамтиды: қауіпсіз ЖИ дамытудан АҚШ-тың көшбасшылығын орнату, ұлттық қауіпсіздік үшін ЖИ технологияларын пайдалану және халықаралық басқару негіздерін құру.

«Бәсекелестеріміз АҚШ-тың ЖИ көшбасшылығын өзгертіп, АҚШ технологиясын ұрлау үшін экономикалық және технологиялық шпионажды пайдаланып келеді» делінген меморандумда. Осылайша американдық ЖИ жаңалықтарын қорғау «жоғары деңгейдегі барлау басымдығына» айналды.

Құжатта ЖИ индустриясымен байланыс орнату үшін негізгі үкіметтік байланыс нүктесі ретінде Жасанды Интеллект Қауіпсіздік Институты белгіленді. Бұл институтта техникалық сарапшылар жұмыс істеп, барлау, Қорғаныс департаменті және Энергетика департаменті сияқты ұлттық қауіпсіздік агенттіктерімен тығыз байланыста болады.

«Меморандумда көрсетілген әрекеттер қазіргі жағдайды жақсы түсінуге және ақпаратқа негізделген шешімдер қабылдауға мүмкіндік беретін бастапқы қадамдар болып табылады», – деп түсіндіреді Руззи.

Дегенмен, Руззи мәліметтерді жинау оңай емес екенін атап өтеді: «Шешім қабылдаудың үлкен қиындығы деректерді жинағаннан кейінгі кезеңде туындайды».

ЖИ зерттеулерін демократияландыруға қадам ретінде, меморандум Ұлттық ЖИ Зерттеу Ресурстары пилоттық бағдарламасына қолдауды күшейтті. Бұл бастама ЖИ зерттеу

мүмкіндіктерін ірі технологиялық компаниялармен қатар, университеттерге, қоғамдық ұйымдарға және шағын бизнеске де таратуға бағытталған.

ҰҚМ Ұлттық қауіпсіздік саласында ЖИ-ді қолдану бойынша тәуекелдерді басқару және басқаруды алға жылжытуға арналған Нұсқаулықты енгізеді. Бұл нұсқаулықтар ЖИ қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және құпиялылықтың бұзылуы, алалаушылық, дискриминация және адам құқықтарының бұзылуына қарсы шараларды қамтиды.

Руззидің пікірінше, қауіпсіздікке ерекше назар аударылады: «ЖИ-дың кибер қауіпсіздігі өте маңызды – егер ЖИ дұрыс бапталмаса, SaaS қосымшаларындағы құпия деректердің ашылуы сияқты қатерлерге әкелуі мүмкін».

Халықаралық деңгейде меморандум G7-нің ЖИ туралы халықаралық мінез-құлық кодексін және Блетчли мен Сеулдегі ЖИ қауіпсіздік саммиттеріндегі келісімдерді негізге алады. Сонымен қатар, 56 мемлекет ЖИ мен автономияны әскери мақсатта қолдану туралы АҚШ бастаған Саяси декларацияны қолдады.

Байден әкімшілігі Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы қабылдаған ЖИ туралы алғашқы қарарды да қолдады, бұл қарар Қытайдың да қолдауына ие болды.

Меморандум ЖИ дамуы үшін аса маңызды болып табылатын жартылай өткізгіштер өндірісіне ерекше мән береді және Байденнің бұрынғы СНІПС заңымен байланыстырады. Бұл АҚШ-тың заманауи есептеу инфрақұрылымындағы көшбасшылығын сақтау үшін чиптердің жеткізу тізбегінің қауіпсіздігі мен әртарапандырылуын қамтамасыз етуді көздейді.

Бұл жаңа бастама Байден-Харрис әкімшілігінің ЖИ саласындағы жауапты инновацияны дамыту стратегиясының бір бөлігі болып табылады. Осы арқылы Америка технологиялық көшбасшылықты сақтап, демократиялық құндылықтар мен адам құқықтарын қолдау міндеттемелерін нығайтпақ.

**Мейіржан
ӘУЕЛХАНҰЛЫ,**
журналист, IT маманы.



ТЕХНОЛОГИЯ

OpenAI компаниясы ChatGPT чат-ботын қолданысқа енгізгеніне екі жыл толды. Технологиялық серпіліс алып келген чат-боттың болашағы мен қолданылу аясы туралы пікірталас әлі де толастамай отыр. Десе де, қолданушылар саны күн сайын артып, технологиялық алаңда бәсеке де үдей түсті. 2022 жылғы 30 қарашада ресми түрде қолданысқа енген күннен бастап чат-ботты қолданушылар саны артып, оның технологиялық әлеуеті де тұрақты түрде артуда. Алғаш жарияланған нұсқасына қарағанда, бүгінде ChatGPT чат-ботының қолданылу аясы да, дайындық деңгейі де жоғары. Мақаламызда OpenAI компаниясының екі жылдық жасанды интеллектінің бүгінгі мен болашағын талдап көрелік.

• OpenAI компаниясы ChatGPT чат-ботын жариялаған алғашқы 5 күнде оған бір миллион қолданушы тіркелді. Өзге технологиялық компаниялармен салыстырғанда, бұл – рекордтық көрсеткіш. Бүгінде жалпы 180 миллионнан аса қолданушылары бар. Рекордтық көрсеткіш 2024 жылдың сәуір айында тіркелді. Бір айда сайт порталына 2 миллиард қолданушы кірген.

• Сарапшылар пікірінше, 2030 жылға қарай бұл сала әлемдік ІЖӨ-нің 7 пайызын қамтамасыз етпек. Ал 2027 жыл жаһандық жасанды интеллект нарығын капиталдандыру 400 миллиард доллардан асады.

Төртінші индустриялық революция жасанды интеллектке негізделген

Жасанды интеллектке негізделген технологиялық құралдардың қолданысқа енуін алғашында қоғам тіксіне қабылдаса, бүгінде тұтас процестің бір бөлшегіне айналды. Алғашқы екі жылда байқағанымыз, жасанды интеллектінің даму траекториясы геометриялық прогрессия негізінде дамуда. Қазірдің өзінде аталмыш құралды ай сайын әлемде 1,5 млрд.-тан аса азамат пайдаланады. Бүгінде ChatGPT 4o, Mini модельдері ақылы және тегін нұсқаларда қызмет етсе, OpenAI компаниясы биылғы желтоқсан айында жаңа технологиялық серпіліс алып келетін GPT-5 жобасын жариялайтынын хабарлады. Жалпылай алғанда, соңғы екі жылда жасанды интеллектке негізделген технологиялар саласы ауқымды жаңарулардан өтіп, экономиканың маңызды саласына айналууда. Сәйкесінше, әрбір ел жекелеген бағдарламалар жариялап, технологиялық бәсеке жарысынан артта қалмаудың қамын жасауда.

Голдман Сакс компаниясы зерттеуіне сәйкес, жасанды интеллектке негізделген технологиялардың қоғам өміріне жаппай кірігуі көптеген жұмыстардың жойылып, жұмыссыздықтың артуына емес, керісінше танымалдықтағы жұмыс ұғымының трансформациясына алып келді. Осыған дейінгі қайталанатын қызметтерді талап ететін жұмыстар ендігі кезеңде арнайы оқытылған машиналарға беріліп, азаматтарға ой

OPENAI компаниясы:

CHATGPT

чат-боты қолданысқа енгеніне – екі жыл



(Дереккөз: Midjourney.kz)

шешімін талап ететін жұмыстар қалуда. Бұл тұрғыда жасанды интеллект арқылы жұмыс жасайтын технологиялар қазірдің өзінде азаматтардың құндылықтар жүйесіне өзгерістер алып келгеніне куә болып отырмыз. Яғни қоғамның түсінігіндегі жұмыс ұғымының өзі өзгеріске түсіп, толығырақ түсуде.

Технологиялық серпіліс аясында жаһандық саясатта әрбір мемлекет нақты бағдарламалар қабылдап, стратегиялық жобаларды жүзеге асыруда. Сәйкесінше, төртінші индустриялық революцияның өзегі де жасанды интеллектке негізделген жобаларды сәтті кіріктіруге негізделетін болады. Жаһандық тәжірибе көрсеткендей, әлем елдерінің жасанды интеллект құралдары бойынша бірегей ұстанымы мен бағдарламасы әзірге дайын емес. Десе де, әрбір мемлекет аталмыш технология құралдарын тиімді қолданысқа енгізудің құқықтық базасын енгізіп үлгерді. Еуропалық Одақ елдері жасанды интеллекттің ақпараттық қауіпсіздігі бойынша бірегей құжат қабылдаса, Австралия қазірдің өзінде жасанды интеллектті ауылшаруашылығы бағытында қолданылатын жердің сапасы мен экологиялық әлеуетін бағалау мақсатында тиімді қолданауда.

Елімізде жасанды интеллектке негізделген технология-

ларды мемлекеттік деңгейде қолданысқа енгізу Президент тарапынан жоғары қолдауға ие. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жыл сайын ел халқына арнаған Жолдауында ел экономикасының дамуында технологиялық саланың ықпалының артуына ерекше көңіл бөледі.

Қазақстанның болашағы және оның халықаралық қоғамдастықтағы орны технологиялық жаңалықтарды ел экономикасына тиімді интеграциялау деңгейіне тікелей байланысты. Еліміз жасанды интеллект саласын белсенді дамытуға және инновациялық технологияларды қолдануға өз үлесін қосуға ұмтылууда. Қазірдің өзінде көп нәрсе жасалды, бірақ Қазақстанда бұл саланы одан әрі дамыту үшін әлі көп нәрсе істеу керек. Әрине, бұл жасанды интеллект дамуының бірнеше бағыттары ғана. 2023 жылдың соңында жасанды интеллект саласындағы стартаптарға салынған инвестиция көлемі жаһандық ауқымда 50 миллиард долларға жетті.

Нұрболат НЫШАНБАЕВ,
сарапшы,
«Тұран» университеті.



САММИТ

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ АЛАҢЫ

Шаһарда жоғары білім беру мәселелеріне арналған «QS Higher Education: Asia Pacific-2024» пре-саммиті өтті

Халықаралық маңызы зор шара QS Азия-Тынық мұхиты саммитінің 20 жылдық мерейтойына орай ұйымдастырылып отыр. Аталған жиынға Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев, QS Quacquarelli Symonds сараптама агенттігінің коммерциялық бас директоры Джейсон Ньюман, ҚР Президентінің кеңесшісі Мәлік Отарбаев, ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың басқарма төрағасы – ректор Жансейіт Түймебаев, ЕАЭО елдеріндегі клиенттермен серіктестік жөніндегі және QS Жаһандық үкіметіндегі аймақтық директоры Сергей Христолюбов қатысты.



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

РАЯ
ЕСКЕНДІР

Сонымен қатар, айтулы шараға 150 мемлекеттің өкілі келді. Олардың қатарында Қытай, Жапония, Индонезия, Үндістан, Малайзия, т.б. елдерден келген 350-ге жуық ЖОО ректорлары, халықаралық сарапшылар және қазақстандық жоғары білім басшылары болды.

Әдеттегідей шара тізгінін алған Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры Жансейіт Түймебаев қатысушыларды құттықтап, өз сөзінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың: «Білім мен ғылымға озық халықаралық тәжірибе ауадай қажет. Университеттер мен ғылыми ұйымдар елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына зор үлес қосатын стратегиялық орталық болуы керек», – деген сөзін тілге тиек етті.

«Бүгінде жаһандық экономиканы дамытуда университеттік ғылым маңызды рөл атқаруда. Жаһандық трендтер мен заманауи сын-қатерлер жоғары білімнің дамуын

айқындайды. QS – әлемдегі университеттердің көрсеткіші мен нәтижесін көрсететін ең беделді халықаралық рейтингтердің бірі. Сондықтан білікті маман даярлауда, ғылыми зерттеу нәтижелерін өндіріске енгізуде озық тәжірибелерді жетілдіріп отыру қажет», – деп атап өтті университет ректоры.

Ал саммитке арнайы келген QS Quacquarelli Symonds сараптама агенттігінің коммерциялық бас директоры Джейсон Ньюман шараның Қазақстандағы көшбасшы университет – ҚазҰУ-да өтіп жатқанының маңыздылығына тоқталып, пре-саммит білім беру сапасын жақсартуға және ресурстарды жұмылдыруға бағытталған негізгі үрдістер мен стратегияларды анықтауға мүмкіндік беретін озық тәжірибелер мен идеялармен алмасу алаңы болатынын атап өтті.

«QS пре-саммитін Қазақстанда, соның ішінде көшбасшы жоғары оқу орындарының бірі – Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да өтіп жатқанына қуаныштымын. Сөз жоқ, жаһандық мәселелерді жалғыз шеше алмаймыз, сол үшін барлығымыз бірге жұмыс істегеніміз маңызды. Осынау іс-шара әлемдегі университет ректорларының басын қосып,

жоғары білім мен ғылым саласындағы халықаралық деңгейдегі мәселелерді шешуге мұрындық болып отыр. QS рейтингі барлық ЖОО-лардың бір-бірімен тығыз жұмыс істеу, академиялық ұтқырлық бағдарламасын дамыту, ғалымдардың тәжірибе алмасу, әлеуетін арттыру бағытындағы жұмыстарын жандандыруға серпін берді», – деді Джейсон Ньюман.

Пленарлық отырыста Мәлік Отарбаев Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың құттықтауын жеткізді. Сондай-ақ, Президент кеңесшісі отандық ғылым мен білімді дамыту мәселесі тікелей Мемлекет басшысының бақылауында екенін баса айтты.

«Президентіміз «Озық ойлы ұлтқа айналуымыз керек» деген негізгі мақсатты Ұлттық құрылтайда айқындап бергені белгілі. Ғылым мен жоғары білімді дамыту – еліміз үшін стратегиялық маңызы бар басымдық. Жоғары білім инновациялық және тұрақты экономиканы құруға сеп болып, мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігін арттырады. Білікті мамандардың білімі мен дайындығына қатысты мәселелер халықаралық ынтымақтастықты, диалогты және тәжірибе алмасуды талап етеді. Пре-саммит Азия-Тынық

ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫ

АЛМАТЫ МЕН АСТАНА

нео-көшпенділер үшін тартымды 150 қаланың қатарында



Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша Қазақстанда заманауи көшпенділерге арналған жаңа Neo Nomad визасы енгізілді.

Бұл виза заманауи көшпенділерге саяхаттап, қашықтан жұмыс істейтін шетелдік туристерге арналған. ҚР Туризм және спорт министрлігінің баспасөз қызметі хабарлағандай, жаңа визалық режимде пандемиядан кейін осындай бағдарламаларды сәтті енгізген 50-ден астам елдің халықаралық тәжірибесі назарға алынған.

Neo Nomad визасын алу үшін шетелдік азамат Қазақстаннан тыс жерде тұрақты кірісінің бар екенін дәлелдеуі керек, оның мөлшері айына кемінде 3000 АҚШ долларын құрауы қажет. Сонымен қатар, негізгі кіріс талаптарынан басқа, шетелдік өтініш берушіге медициналық сақтандыру және соттылықтың жоқтығы туралы анықтама талап етіледі.

Виза қабылданған жұмыс істейтін туристерге, яғни бағдарламалау, маркетинг, қаржы, консалтинг, дизайн және электронды коммерция сияқты түрлі салаларда қызмет ететін шетелдік азаматтарға арналған. Виза иелерінің бір жылға

дейін Қазақстанда тұруға мүмкіндігі бар. Осы уақыт ішінде олар шетелдік компанияларда жұмыс істей алады. Бұл шетелдік туристерге Қазақстан мәдениеті мен тұрмысын жақынырақ тануға мүмкіндік берсе, елге экономикалық пайда әкеледі деп күтілуде.

Виза енгізілген жағдайда, оны жылына 500 адам алса, экономикалық әсер шамамен 3,6 млрд теңгені құрайды деп болжанып отыр. Neo Nomad визасын пайдаланатын шетелдік азаматтар Қазақстанда тұрып, қаражатын осында жұмсайды, бірақ отандық еңбек нарығына әсер етпейді. Бұл бағдарламаның маңызды аспектісі.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Ербол
МЫРЗАБОСЫНОВ,
ҚР Туризм және
спорт министрі:

Қазақстан
заманауи
көшпенділердің
саяхат
картасына енді



Туризм және спорт, сыртқы істер, ішкі істер министрліктері және басқа да мүдделі мемлекеттік органдардың бірлескен жұмысының нәтижесінде Қазақстан заманауи көшпенділердің саяхат картасына енді. Олардың әлемдегі саны 35 миллионнан асады, біз оларды елімізге тарту үшін барлық жағдайды жасауды көздеп отырмыз. Әсіресе, Алматы мен Астана қалалары нео-көшпенділер үшін тартымды 150 қаланың қатарына кіреді.

МӘДЕНИ ОРТАЛЫҚ

ҒЫЛЫМИ КІТАПХАНА АШЫЛДЫ

Алматы қаласындағы Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінде күрделі жөндеуден өткен ғылыми кітапхананың салтанатты ашылу рәсімі өтті. Ұлттық білім мен ғылым саласына орасан зор үлес қосқан ғалым, педагог Сералы Қаниевтің атына берілген бұл кітапхана тек білім беру орны ғана емес, сонымен қоса, заман талабына сай мәдени орталыққа айналмақ.

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Ашылу салтанатына ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек, Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев, Сералы Қаниевтің туыстары мен университет ардагерлері қатысты. Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев атап өткендей, бұл кітапхана – тек кітап қоймасы емес, білім мен мәдениеттің ошағы. Оның айтуынша, кітапхана жоғары халықаралық стандарттарға сай жасалған, ал Сералы Қаниевтің есімін иеленуі – университет үшін үлкен мәртебе.

«Бүгінгі студенттерге Сералы ағамыздың жолын ұстаып, білімге адалдық танытуына тілектеспін», – деді әкім.

Министр Саясат Нұрбек те білім мекемелерінде кітапханалардың орны ерекше екендігін атап өтіп, кітап оқу мен жазу мәдениетінің құнды екеніне тоқталды.

Сералы Қаниұлы – еліміздің білім және ғылым саласында танымал тұлға. Ол физика-математика ғылымының кандидаты, Қазақ ССР ағарту ісінің үздігі, еңбек ардагері, КСРО Жоғарғы мектебінің үздігі атанған. 40 жылға жуық қызметінде Сералы Қаниев көптеген студенттерге білім беріп, ғылыми еңбектер жазумен қатар қазақ тіліндегі математика оқулықтарын аударуға және жазуға атсалысты.

Жаңа кітапхана қазіргі заманғы технологиялармен жабдықталған және студенттер, оқытушылар, зерттеушілер үшін кеңінен қолжетімді. Ашылу рәсімінде ұстаз Сералы Қаниевтің өмірі мен қызметі жайлы бейнефильм көрсетіліп, ардагер ұстаздар оның шәкірттері мен ізбасарларына қалдырған мұрасы туралы естеліктерін бөлісті.



ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

ЕКІ ІРІ МЕГАПОЛИС

бауырластық қатынастар орнату туралы
Хатқа қол қойды

да, көрмелер, семинарлар, мәдени және ғылыми іс-шаралар өткізу жоспарлануда.

Алматы мен Шанхай арасында бауырластық қарым-қатынас орнату түрлі салаларда бірлесіп даму үшін жаңа көкжиектер ашады, озық және үздік тәжірибелермен алмасуға, сондай-ақ өзара инвестициялар мен мәдени алмасуға жәрдемдесуге мүмкіндік береді.

КЕРЕК ДЕРЕК

Шанхай – Қытайдың қаржы орталығы және әлемдегі ең ірі теңіз порты. Шанхай халқының саны 24 870 мың адамды құрайды. 2023 жылы қаланың ЖӨӨ 4,7 трлн құрады. Қытай юані (661,8 млрд АҚШ). Шанхай экономикасының жетекші салалары қаржылық қызметтер, сауда, логистика, жоғары технологияларды қолданатын өндіріс болып табылады.

Шанхай – ішкі және халықаралық сауда үшін елдің негізгі порты, импорттың/экспорттың құны Қытайдың жалпы көлемінің 20%-ын құрайды. 2013 жылдың қыркүйегінде Шанхайда материктік Қытайдағы алғашқы еркін сауда эксперименттік аймағы (ЕСА) құрылды. Бүгінгі таңда бұл ЕСА әлемдік деңгейдегі инфрақұрылыммен жабдықталған және қаланың ЖІӨ-нің 1/4 бөлігін және Қытайдың барлық сыртқы саудасының шамамен 40%-ын құрайтын жақсы дамыған қызмет көрсету секторының үйі болып табылады.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

«ХАЛЫҚ ҚАТЫСАТЫН БЮДЖЕТ»



2024 жылдың 22 қазаны мен 1 қарашасы аралығында «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы аясында Алматы қаласын абаттандыру жобаларына онлайн дауыс беру өтті. Келесі кезеңде онлайн дауыс берудің қорытындысы шығарылады.

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Қаланың әрбір аудан әкімдігі қабылданған өтініштер мен әрбір жобаға дауыс берген азаматтардың санын көрсете отырып, дауыс беру нәтижелерін қалыптастырады және талдайды. Қорытындылау 2024 жылдың 7 қарашасына дейін жалғасады.

Барлығы 163 582 дауыс берілді, бұл 2023 жылмен салыстырғанда, 31%-ға артық. Қала тұрғындары биылғы жылы келесі санаттар бойынша ең көп жобаларға дауыс берді:

– қоғамдық орындарда ересек тұрғындардың демалуы үшін беседкаларды, орындықтарды, қоқыс жәшік-

ИНЖЕНЕРЛІК ЖЕЛІЛЕР

48 ЖЫЛ БҰРЫН

пайдалануға енгізілген құбыржол ауыстырылды

Бостандық ауданында 48 жыл бұрын пайдалануға берілген, ұзақтығы 1 097,5 метрді құрайтын құбыржол ауыстырылды.

Алматыда Қожанов көшесінің бойымен Радостовец көшесінен бастап Е.Серкебаев даңғылына дейін және Ескараев көшесінің бойымен Розыбакиев көшесінен бастап Е.Серкебаев даңғылына дейін төселген құбыржолды ауыстыру жұмыстары аяқталды. Ағымдағы жылы жаңғыртылған учаскенің ұзақтығы 1 097,5 метрді құрады.

ҮЗДІК ЖОБАЛАР

Дауыс беру аяқталды

терін, балалар және спорт алаңдарын орнату және жөндеу – 55 708 дауыс;

– аула аумақтарында және қоғамдық орындарда спорт және балалар алаңдарын орнату, жөндеу және жарықтандыру – 33 577 дауыс;

– қоғамдық аумақтарды құру, жөндеу және жарықтандыру – 32 898 дауыс;

Дауыс беруде келесі аудандар көш бастады: Медеу – 36 726 дауыс, Алмалы – 28 765 дауыс және Жетісу – 25 684 дауыс. Өткен жылы сайлаушылардың басым бөлігі Медеу ауданында дауыс берген.

Алмалы ауданындағы тіркеу нөмірі 24102020003 бір жоба 1904 дауыс жинады. Төле би 160/24, Әуезов 32 және Бөгенбай батыр 255 үйлердің тұрғындары өз аулаларын су басумен күресуге жұмылдырылды. Бірлескен күш-жігердің арқасында жоба жасалып, схемалық эскизі сызылып, алдын ала сметасы есептелді. Тату көршілер өз бастамаларымен «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасына белсене атсалысып, дауыс саны бойынша ауданның көшбасшысы атанды. Ең көп дауыс жинаған жобаларды аудан әкімдіктері 2025 жылы жүзеге асыратын болады.

«Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы бойынша кеңес немесе ақпаратты аудан әкімдіктерінен, сондай-ақ Алматы қаласы әкімдігінің Open Almaty Қоғамдық қабылдауынан 224 39 29 (ішкі 203) телефоны арқылы алуға болады.

Еске салайық, Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың тапсырмасы бойынша 2024 жылы «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы бойынша қаржыландыру 18,8 млрд теңгеге (2023 жылы 12,9 млрд) дейін ұлғайтылды. Биылғы жылы аудан әкімдіктері 2023 жылғы дауыс беру жеңімпаздарының жобаларын жүзеге асыруды жалғастыруда, бүгінгі таңда 261 жоба жүзеге асырылды.

Ауыстырылған құбыржол 1976 жылы пайдалануға берілген және қазіргі уақытта 19 көпбұрышты тұрғын үйді, 2 балабақшаны және басқа да 39 объектіні жылумен және ыстық сумен қамтамасыз етіп отыр. Сондай-ақ, ыстық су берудің үлестірілуін қамтамасыз етеді және «Орбита» мен «Южный» қазандықтарын бір-бірімен байланыстырады.

Жалпы, ағымдағы жылы Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың тапсырмасы бойынша 20 км жылу желілері жаңғыртылды. Жыл сайын жаңғырту жылытуаралық кезең ішінде жүргізіледі, биылғы жылы мұндай жұмыстар Алматының 6 ауданында іске асырылды. Жылумен жабдықтау желілері жаңғыртылған учаскелерді абаттандыру ауа райы жағдайларын ескере отырып, кезең-кезеңімен жүргізілуде.

Естеріңізге сала кетейік, қозғалыстарды шектеуге қатысты барлық ақпарат Almaty.kz сайтында, Telegram-арнада @AlmatyJoly, аудандық әкімдер мен басқармалардың әлеуметтік желілерінде, сондай-ақ «2GIS» және «Яндекс карталар» сервистерінде орналастырылған.

НАҚТЫ СЕКТОР

Алматы – Қазақстандағы экономикалық маңыздылығы жоғары қала, әрі қаржы, мәдениет және бизнес орталығы. Осы ерекшеліктер Алматының тұрғын үй нарығына әсер етеді, халық санының артуы, миграция, инфрақұрылымның дамуы мен экономикалық өсу қаладағы тұрғын үйге сұранысты арттырады. Алматыдағы жылжымайтын мүлік нарығының қазіргі жағдайын, бағаның өсуі немесе төмендеуі себептері мен болашақ болжамдарын қарастырайық.

Ернұр
РЫСБАЙ

Жылжымайтын мүлік нарығының қазіргі жағдайы

Алматыда тұрғын үйге деген сұраныс соңғы жылдары тұрақты өсуде. Бұл жағдайға себеп – қалаға көші-қонның жоғары деңгейі, халық санының артуы және экономикалық белсенділік. Қала тұрғындарының әлеуметтік жағдайы жақсарып, жаңа тұрғын үй кешендері, инфрақұрылымы дамыған аймақтар мен жайлы өмір сүру ортасына деген сұраныс күшейді. Алматыда пәтерлердің орташа бағасы шамамен, бір шаршы метрге 500–600 мың теңге аралығын құрады. Ал орталық аудандарда 700–800 мың теңгенің шамасында. Тұрғын үй бағасының өсуіне мынадай негізгі факторлар әсер етеді. Сұраныс пен ұсыныстың теңгерімсіздігі байқалуда. Алматыда тұрғын үйге сұраныс ұсыныстан асып кетуде, бұл бағалардың тұрақты өсуіне әкеледі. Ке-

ТҰРҒЫН ҮЙ ӘЛЕМІ

Баға және болашақ болжамдар



лесі себеп, құрылыс материалдарының қымбаттауы. Құрылыс материалдарының бағасы артқандықтан, жаңа үйлердің өзіндік құны да жоғарылайды. Шаһарымыз алып болғанымен, жер тапшылығы бар. Әсіресе, қала орталығында бос жатқан жер табу қиын, бұл қолда бар тұрғын үйлердің бағасын қымбаттатады.

Бағаның өсуі немесе төмендеуі себептері

Алматыдағы тұрғын үй бағасы халық санының артуы, қалаға көшіп келушілердің көптігі, экономикалық тұрақтылық секілді

факторларға тәуелді. Тұрғын үй нарығындағы бағаның өсуі мен төмендеуіне әсер ететін негізгі себептер бар. Біріншісі экономикалық жағдай. Халықтың табыс деңгейінің өсуі тұрғын үйге деген сұранысты арттырады, ал дағдарыс кезінде сұраныс төмендеуі әбден мүмкін. Екіншіден, мемлекеттік ипотекалық бағдарламалар әсер етеді. Мәселен, 7-20-25 сияқты бағдарламалар халықтың тұрғын үй сатып алуына жеңілдік беріп, сұранысты күшейтеді. Үшінші себеп, құрылыс қарқынына байланысты болады. Қалада жаңа тұрғын үй кешендері салынып жатыр, алайда сұраныс әлі де жеткіліксіз. Құрылыс қарқыны бәсеңдесе, тұрғын үй бағасы жоғарылайтыны айдан анық.

Инвесторлардың қызығушылығы жоғары

Алматы тұрғын үй нарығының болашағына келсек, бірнеше факторды ескеру қажет. Қаланың демографиялық өсімі, урбанизация қарқыны және экономикалық тұрақтылық тұрғын үйге сұраныстың қалыптасуына әсер етеді. Сарапшылар тұрғын үй бағасының өсуі жалғасады деп болжайды, бірақ оның қарқыны баяулауы ықтимал екенін де жасырмайды. Алматыда жаңа тұрғын үйлер салу жобалары артып келеді. Осы арқылы сұранысты қанағаттандыру жоспарлануда.

Тағы бір әсер етуші фактор – инвестиция тарту. Алматыда тұрғын үй нарығына шетелдік және жергілікті инвесторлардың қызығушылығы жоғары. Бұл сұранысқа және баға өсуіне ықпал ететіндігі ақиқат. Сондай-ақ, елдегі экономикалық жағдай оң болса, сұраныс артады, ал дағдарыс кезінде сұраныс төмендеуі мүмкін екені болжануда.

ТҮЙІН: Алматыдағы тұрғын үй нарығы қарқынды даму үстінде және бұл нарық халықтың табысы мен сұраныс деңгейіне байланысты тұрақты өзгерістерді бастан өткеруде. Қаламыздың тұрғын үй нарығының болашағы жоғары сұраныспен, жаңа құрылыс жобаларымен және мемлекеттік ипотекалық бағдарламаларымен байланысты. Бағалардың өсуі жалғасын табатын болса, онда нарықтың тұрақтылығын сақтау үшін жаңа құрылыс жобаларының саны мен сапасына баса мән берілуі керек.

ӘРІПТЕС ӘЛЕМІ

АҚПАРАТ АҚТАҢГЕРІ

Қазақстан Журналистер одағының басқарма төрағасы,
Ұлттық баспасөз клубының президенті
Сейітқазы Матаев 70 жасқа толды

Қазақстан Журналистер одағының басқарма төрағасы, Ұлттық баспасөз клубының президенті, КСРО Журналистер одағы сыйлығының лауреаты, Қазақстан Журналистика академиясының толық мүшесі, ТМД Журналистер ұйымдары конфедерациясының вице-президенті Сейітқазы Матаев мерейлі 70 жасқа келді.

дығын һәм әділдікті, адалдықты, шындықты ту етіп ұстап, әркез қоғамның ең өзекті мәселелерінің белортасынан табыла білді.

Билік пен БАҚ арасындағы дәнекер тұлға – «баспасөз хатшысы» қызметін ең алғашқылардың бірі болып игеріп, Қазақстан Журналистер одағының тізгінін де ұстап, тағдыры тартысқа түскен талай әріптестің сөзін сөйлеп, ақпарат майданының сарбаздарына қорған бола білді. Ұлттық баспасөз клубын ашып, сан тарапқа микрофон ұсынып, еліміздің ғана емес, посткеңестік кеңістіктегі журналистердің басын қосуға ұмтылды.

Қоғамның, мемлекеттің салмақты жүгін көтеріп жүрген журналист қауымның рөлі, мәртебесі туралы мәселені әлі күнге көтеріп келеді. Аяулы әріптесіміздің қаламгерден қайраткерлікке айналған өмір жолы кейінгі буынға үлгі.

Сейітқазы Бейсенғазыұлы «Alatau Aqparat» медиахолдингінің Шығармашылық даму жөніндегі кеңесінің мүшесі. Сондықтан біздің қонақжай шаңырағымызға да жиі келіп тұрады. Жастармен кездесіп, аға буын ретінде өмірлік тәжірибелерімен бөлісіп отырады. Аяулы әріптестің бүгінге дейін баспасөздің тамыр соғысын бақылап отыратын, бізге тілекші көңіліне, абырой-беделіне, беззат болмысына көлеңке түспегей деген тілек айтамыз.

«ALATAU AQPARAT»
медиахолдингінің ұжымы.

КІТАП – КӨҢІЛ КІЛТІ

Алматы орталығында орналасқан Ұлттық кітапхана қабырғасында ҚР Президентінің БАҚ саласындағы сыйлығының лауреаты, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері, «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты, философия ғылымдарының кандидаты Болатбек Төлепбергеннің 5 кітабының тұсаукесері өтті.

ҰЛТТЫҚ ИДЕЯ ҰЛЫҚТАЛҒАН КҮН



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.



Досбол
АТАЖАН

Зиялы қауым өкілдері, журналистер, жазушылар және оқырмандар жиналған іс-шарада Болатбек Төлепбергеннің биыл жарық көрген бес жаңа кітабы таныстырылды. Соның ішінде «Алаң жұрт» атты деректі хикаяты ерекше қызығушылық туғызды. Бұл шығармада 1970 жылдары Кеңес жүйесі тарапынан әділетсіз айыптауға ұшыраған диссидент Азамат Жакибаевтың өмірі суреттелген. Автор тарихи тақырыпты көркем тілмен жеткізе отырып, оқырманға ой саларлық тың туынды ұсынған.

– Бұл еңбегінде Кеңес үкіметінің басқаруы отырған басшылары тарапынан әлеуметтік, экономикалық саясатта кеткен қателіктерді талдайды. Тарихи тұлғалардың өмірін суреттейді. Екінші бөлімінде әңгімелері бар. «Қырсық» деген әңгімесінде сот жүйесіндегі әділетсіздіктен зардап шеккен адамның тағдыры оқырманға жеткізіледі. Үшіншісі әдеби сындар, онда қоғам қайраткерлерінің еңбектеріне деген өзінің көзқарастарын айтады. Жалпы қай кітапты алсақ та, оқырманға берері мол деп ойлаймын, – деді «Атамұра» корпорациясының президенті Рақымғали Абраұлы.

Сонымен қатар, Болатбек Төлепбергеннің «Ұлттық идея – ұлттық медианың тұғыры» атты монографиясы көпшіліктің назарына ұсынылды. Бұл еңбекте қазақ ұлттық идеясының қалыптасуы мен дамуы медиа саласының негізгі тірегі ретінде талданған. Автор ұлттық сананың маңыздылығын атап өтіп, ұлттық идеяның рөлін айқындай түсуді мақсат еткен.

– Болатбектің өмірбаяны мен шығармашылығына қарасақ, бірнеше тұсын айтар едім. Бірінші, жүйелілік, яғни бізде бір тақырыпты бастап, оның түбіне дейін

жетпей басқа бағытқа ауысып кететін адамдар бар. Ал Болатбек жүйелі түрде ұлттық идея, ұлттық қауіпсіздік, ұлттық медиа тақырыптарын көтеріп келеді. Екінші айтарым, ұлттық идея тақырыбы бізде әртүрлі қаралды. Болатбектің зерттеулерінде сол теориялық-практикалық бейнесі көрсетілген үлкен қазына, – деді Қазақстан Жазушылар одағы басқарма төрағасының кеңесшісі Өміржан Қосанов.

Тұсаукесерде көпшілік назарына ұсынылған тағы бір еңбек – «Тұрақты даму мақсаттары аясындағы журналистика және баспа ісі: дәстүр мен жаңашылдық» атты конференция материалдары болды. Бұл жинақ автордың 50 жылдық мерейтойына орай ұйымдастырылған ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарын қамтыған.

Сондай-ақ, «Ұлттық медиа – ұлттық қауіпсіздік» атты публицистикалық кітап таныстырылды. Мұнда қазақ баспасөзінің Алаш кезеңінен бастап бүгінгі күнге дейінгі тарихы мен даму жолы қарастырылып, тәуелсіздік кезеңіндегі қоғамдық-саяси оқиғалардың медиаға ықпалы талданған. Кітап көрмесінде «Болатбек Төлепберген: библиографиялық көрсеткіші» атты еңбегі де оқырманға ұсынылды. Бұл жинақта автордың бүгінге дейінгі жарық көрген еңбектері хронологиялық тәртіпте жүйеленген. Көрсеткіштің алғы сөзін тарих ғылымдарының докторы, профессор Мәмбет Қойгелдиев жазып, автордың шығармашылығы мен ғылымға қосқан үлесін атап өткен.

Іс-шара барысында Болатбек Төлепберген өзінің еңбектерінің басты мақсатын, ұлттық құндылықтар мен мәдениетті қолдауға бағытталғанын атап өтті. Жиналған қауым автордың шығармашылығы мен оның мәдениетке, ұлттық санаға қосқан үлесін жоғары бағалады.

Сейітқазы Бейсенғазыұлы РСФСР-дің Алтай өлкесінде дүниеге келген. Қазақ мемлекеттік университетін «журналистика» мамандығы бойынша бітірді. ТАСС – ҚазТАГ-тың Торғай және Қарағанды облыстары бойынша меншікті тілшісі болып жұмыс істеді. 1986–1989 жылдары – облыстық «Индустриалды Қарағанды» газеті бас редакторының орынбасары, ал 1989–1991 жылдары «Известия» газетінің Қазақ КСР-і бойынша меншікті тілшісі болды.

Сейітқазы Матаев Тәуелсіз Қазақстан президентінің бірінші баспасөз хатшысы болған. Ол 1991–1993 жылдары тәуелсіздіктің алғашқы күндерінде ел басшылығының ақпараттық саясатына жауапты болды. Сонымен қатар, 90-шы жылдардың бірінші жартысында Қазақстан үкіметінің баспасөз қызметін басқарып, 1996 жылы Ұлттық баспасөз клубының, ал 2001 жылы Қазақстан Журналистер одағының тізгінін ұстады. Сондай-ақ, С.Матаев – ҚазТАГ ақпарат агенттігінің алғашқы құрылтайшыларының бірі.

Оның есімі Қазақстан журналистері мен еліміздің журналистикасының мүдделерін қорғаумен тығыз байланысты. Иә, осынау саналы ғұмыры мен күш-қайратын Тәуелсіз Қазақстандағы объективті журналистиканың дамуына арнаған Сейітқазы Матаев сөз бостан-

ғының ақпараттық саясатына жауапты болды. Сонымен қатар, 90-шы жылдардың бірінші жартысында Қазақстан үкіметінің баспасөз қызметін басқарып, 1996 жылы Ұлттық баспасөз клубының, ал 2001 жылы Қазақстан Журналистер одағының тізгінін ұстады. Сондай-ақ, С.Матаев – ҚазТАГ ақпарат агенттігінің алғашқы құрылтайшыларының бірі.

Оның есімі Қазақстан журналистері мен еліміздің журналистикасының мүдделерін қорғаумен тығыз байланысты. Иә, осынау саналы ғұмыры мен күш-қайратын Тәуелсіз Қазақстандағы объективті журналистиканың дамуына арнаған Сейітқазы Матаев сөз бостан-

TALENTFORBIZ

ЖАСТАРҒА БЕРІЛГЕН МҮМКІНДІК

Алматыда халықаралық мансап жәрмеңкесі өтті

Жұмыс берушілер мен болашағы жарқын жастардың басын қосқан TalentforBIZ мансап жәрмеңкесі өтті. Қазақстанда осымен екінші рет ұйымдастырылған жобаны 2019 жылдан бастап Түркия Республикасының Президенті жанындағы Кадр басқармасы жүзеге асырып келеді.

Гүлжанат
СЕМБАЕВА



Түркия Республикасы Президенті басқармасы Мансап орталығының басшысы, доцент, доктор Салим Алтай Түркиядан арнайы келіп қатысты. Сондай-ақ, Түркияның Алматы қаласындағы Бас консулы Эврен Мүддересоғлу жәрмеңкеге қатысқан жұмыс беруші мекемелерге алғысын білдіріп, жастарға сәттілік тіледі.

«Осы шараны 2019 жылы дәл осы жерде ұйымдастырған едік. Ол уақыттан бері Алматы қатты өзгерген. Біздің мақсат – қазақстандық жастарды Түркияға немесе басқа елге алып кету емес. Қазақстан – біздің атажұртымыз, Түркия да екінші отанымыз саналады. Жастар арасында мәдени байланысты дамыту үшін әртүрлі шаралар ұйымдастыру керек. Бүгін күні бойы компаниялар мен жұмыс берушілер сұхбаттасып, ұсынылған бос орындармен танысады, өз түйіндемелерін қалдырады. Екі тарапқа да пайдалы боларына сенеміз», – дейді Салим Алтай.

Бас консул Эврен Мүддересоғлу да Қазақстан мен Түркия қоғамның барлық саласында, әсіресе, білім беру, сауда және экономикада берік байланыс орнатқанын айта келе, экономика саласындағы сауда көлемі 1992 жылы небәрі 100 миллион доллар құраса, ал 2023 жылдың соңында 6 млрд доллардан асқанын мәлімдеді.

«Ендігі мақсат – екіжақты сауда көлемін қысқа мерзім ішінде 10 млрд долларға жеткізу. Аталмыш жоба жыл сайын тұрақты түрде ұйымдастырылып, жақсы нәтиже көрсетіп келеді. Әлемнің түкпір-түкпірінен келген талантты жастарға халықаралық деңгейде жұмыс істейтін түрік компаниялары туралы ақпарат беру үшін өткізіледі. Біздің танымал жұмыс беруші компаниялармен сұхбаттасып, жарнамалық кездесулер ұйымдастырылады. Мекемелер бос жұмыс орнын ұсынып, жұмысқа орналасуға және тағылымдамаға өтінімдер қабылдайды», – деді Бас консул.

TalentforBIZ – оқу бітіріп, қолына дипломын алған жас мамандарды жұмысқа орналастыру мүмкіндіктерін ұсынып келе жатқан ауқымды іс-шара. Бұл жоба беделді түрік компанияларына әлемдік деңгейде жұмыс істейтін қазақстандық жастарды екі елде де жұмысқа орналастырып, тағылымдамадан өту және білім алу сияқты әртүрлі мансаптық мүмкіндіктерді ұсынып отыр. Осы уақытқа дейін әлемнің 10 елінде 15 рет өткен шара Қазақстаннан кейін өзге де халықаралық орталықтарда жалғасын табады.

Жәрмеңкеге жиырмаға жуық жұмыс беруші қатысты. Атап айтқанда, Turkish Airlines, Түрік аэроғарыш өнеркәсібі, Aselsan, Havalan, Halk Bankası, Türk Telekom, сондай-ақ Қазақстанда жұмыс істейтін Abdi İbrahim, Esan Eczacıbaşı, Ziraat Bankası және Pro Yarı компаниялары қатысты. Көрмеге келген жас мамандардың қабілет-қарымын қарап, түйіндемесін көргеннен кейін бос жұмыс орнын ұсынды.



ӘДЕБИ КЕШ

«ҚАРТТАРЫН ҚАДІРЛЕГЕН ЕЛ АРДАҚТЫ»

Ұлт үнжариясы – Қазақ радиосының ардагерлері жастармен жүздесті

Алматы қаласы Орталықтандырылған кітапханалар жүйесіне қарасты А.П.Чехов атындағы Орталық қалалық кітапхананың ұйымдастыруымен шаһардағы №147 гимназияда Қазақ радиосының ардагерлерімен «Қарттарын қадірлеген ел ардақты» деген тақырыпта әдеби кеш өтті.

Нұржамал
ӘЛШЕВА



Аға буын мен жастардың жүздесуіне диктор, филолог, ҚР еңбек сіңірген артисі, «Құрмет белгісі» орденінің иегері Сауық Жақанова, Қазақ радиосының ардагері, жоғары санатты диктор Шолпан Ахметова, ҚР мәдениет қайраткері, «Құрмет» орденінің иегері Аманжан Еңсебайұлы, «Қазақтың Левитаны» атанған Әнуарбек Байжанбаевтың ұлы, радио ардагері Арыс Байжанбаев және ҚР Білім беру ісінің үздігі, этнограф, қаламгер Ғалия Қайдауылқызы келді.

Жаһандану заманында түлеп келе жатқан бүгінгі ұрпақ баяғы бес сомдық радионың не екенін

біле қоймас. Бірақ кезінде әр шаңырақтың төрінде тұрған шапшағын ғана радио бүкіл елге хабар таратып, идеологиялық тәрбие құралы бола алғанын білуге тиіс. Ал сол алақандай радиоға жан, тіл бітірген дикторлар еңбегі бөлек әңгіме. Көркем сөздің бояуын қанықтырып, сөзден сурет салатын, әуезді үн мен тіл тазалығын тең ұстаған қазақ дикторларының жүзін көрмесек те, дауыстарын бірден танитынбыз.

Қадірлі қонақтар алдымен №147 гимназияда білім нәрімен сусындап жатқан жас өрендердің өнерін тамашалап, ән-жыр тыңдап, шаттана қол соқты. Одан соң оқушылардың қызықты сауалдарына жауап беріп, өмірлік тәжірибелерімен бөлісті.



Сауық ЖАҚАНОВА,
ҚР еңбек сіңірген артисі,
«Құрмет белгісі»
орденінің иегері:



ШЕБЕРЛІК ПЕН
ШЕШЕНДІК
МЕКТЕБІ

Біздің бала күнімізде шалғай ауылдарға газет-журнал уақытында жете қоймайды, теледидар жоқ, сонда бүкіл жаңалықты, әдемі сұхбат, мақалаларды радионың әуе толқынынан естіп отырады халық. Жаңалықтың жаршысы ауыл ортасындағы бағананың басында тұратын радио болатын. Тәулік бойы берілетін жаңалықтар, әсерлі әңгімелер, тамаша ән-күйлер – бәрі-бәрі сол радиодан естіп өстік. Сонда сол дүниенің бәрін диктор оқиды екен.

Балалар, байқасандар, бүгінде «диктор» деген ұғым жоқ. Қазір уақыт өзгерді, журналистің өзі дайындаған мәтінін өзі оқуға мүмкіндігі бар. Ал біздің кезімізде Коммунистік партия үстемдік еткендіктен, әр сөзіміз қатаң сүзгіден, әр қадамымыз қатаң бақылаудан, дикторлар конкурспен (қазір кастинг деп жүрміз) өтетін. Оны дикциясына, ырғақ-екпініне, анық та таза сөйлеуіне қарап таңдап алатын. Біз журналистің, редактордың дайындап берген, оның өзі сан қолдан өткен мәтінін оқып береміз. Ал оқып беру деген жәй сөз. Радиода сөйлеу техникасын меңгеру аса маңызды. Қазақ радиосы – шеберлік пен шешендік мектебі. Әфирдегі жүргізушінің шеберлігі де, шешендігі де, сезімталдығы да тыңдаушыны селт еткізе алуы керек. Иә, журналистің тер төгіп әзірлеген еңбегінің бояуын жоғалтпай, оған жан беретін – диктор. Мен еліме осы кәсібім арқылы танылдым.

Шолпан АХМЕТОВА,
Қазақ радиосының
ардагері, жоғары санатты
диктор:



АДАМНЫҢ ЖАНЫ
ҚАЛАҒАН ІСТЕ
БЕРЕКЕ ДЕ, ТАБЫС
ТА БОЛАДЫ

Радиоға жұмысқа емес, тойға баратындай жиналатынын. Біздің әр жұмыс күніміз мереке болатын. Сол кездегі әзіз әріптестеріміз – Әнуар Байжанбаев, Зияда Бекетова, Жәмила Асанова, Қатира Әзімбаева, Мәмбет Сержанов, Жәлел Асқарова, Әбдірілі Бөлекбаев, Ұлжан Сағындықова, Сауық Жақанова, Аманжан Еңсебайұлы сияқты тұлғалармен қызметтес болып, оларға қарап ойымызды да, бойымызды да түзедік. Бұл кісілердің көпті баурап алар үнін танымайтын адам жоқ екеніне шүбәсізбін. «Алтын қордағы» сан мың әдеби бағамалардың аудионұсқасын осы кісілер оқыған. Радиода еліміздің небір жақсы-жайсаңдары келетін. Біздегі аура ғажап болатын! Кейде «Қазақ радиосының» жанынан өтіп бара жатып, өткен күндер ойға оралып, көңілді сағыныш тербеп, жанарға жас ұялап та қалатынын жасырмаймын. Демек, біздің әр күніміз, әр сәтіміз өте жақсы болды деген сөз. Біз таңертең жұмысқа, кешке үйге асығатынбыз. Демек, бақытты, табысты болғанбыз. Жастар болашақ мамандықтарын жүректің қалауымен таңдаса деймін. Жүрек алдамайды. Адамның жаны қалаған істе береке, табыс, жетістік міндетті түрде болады.

Аманжан ЕҢСЕБАЙҰЛЫ,
ҚР мәдениет қайраткері,
«Құрмет» орденінің иегері:



ҚАЗАҚИ МАҚАМДА
СӨЙЛЕУ –
АЗАМАТТЫҚ
БОРЫШЫМЫЗ

Қазақ радиосының негізін қалаған Алаш ардақтысы – Ахмет Байтұрсынов. Ал оның алғашқы дикторы – Байтұрсыновтың жиен қарындасы – Мина Сейітова, ол кісі небәрі 14 жасында микрофон алдына отырған.

Мина Сейітовамен бірге Шәкен Айманов та бірге эфир жүргізгенін біреу білсе, біреу біле бермейді. Жастардың құлақтарында жүрсін деп айтамын. Қазақ радиосы, ол тұста бүгінгідей ақпараттану заманы болмаса да, Таяу Шығыс елдеріне, Үндістан, Иран, Ирак, Моңғолия дейсің бе, әуе толқыны арқылы әлем елдеріне хабар таратқан, қазақ мәдениетін, әдебиетін, өнерін паш еткен.

Бір ғасырға жуық тарихы бар Қазақ радиосының қалыптасып дамуына үлкен үлес қосқан, елеулі еңбек жолында радионы тағдырына байлаған Әнуарбек Байжанбаев, Әбдірахман Есімжанов, Қатира Әзімбаева, Мәмбет Сержанов, Мырзабек Қуатбеков, Омархан Қалмырзаев, Сауық Жақанова, Жәлел Асқарова, Ұлжан Сағындықова, Бүркіт Бекмағамбет, Болат Быжыбаев, Сара Омарходжаева, Райса Аманбаева сынды тұлғалармен кезінде иық түйістіріп қатар жүргенімді мақтан етемін. Олардың көркемсөз оқу шеберлігінің нәтижесінде Қазақ радиосы ұлттың үнжариясы бола білді.

Бүгінгі жастар арасында болашақта радио, телевидение журналисі боламын дегендер болса, қазақ дикторларының тәжірибесі мен көркемсөз оқу техникасын зерттеп, зерделеп, оны қолданысқа пайдалану аса қажет дер едім. Қазіргі жаһандану заманында қазақи мақамда сөйлеу мәнерін сақтап қалу, оны болашақ ұрпақтың санасына сіңіру – азаматтық борышымыз. Біз жастарға сенеміз.

● ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Райса ЖАҢАБЕРГЕНҚЫЗЫ,
№147 гимназия директорының тәрбие ісі жөніндегі
орынбасары:

ҚАРИЯЛАРЫМЫЗДАН ТӘЛІМ АЛУ –
БІЗ ҮШІН МАҚТАНЫШ

Бүгінгі кездесуден шәкірттеріміздің көп мағлұмат алғаны сөзсіз. Балалармен бірге өзіміз де қанаттанып, қуанып, бір жасап қалдық. Біздің балалар қазақтың үлкенді құрметтеу, қадірін білу, алғысын, батасын, сондай-ақ көпті көрген өнегелі тұлғалардан гибрат алу деген ұғымдарға тереңінен бойлай алған секілді бүгінгі кеште. Демек, «Тілге құрмет – елге құрмет» атты қоғамдық-гуманитарлық пәндер апталығы аясында ұйымдастырылған әдеби кешіміз өз үлесін шықты. Көргені мен білгені көп, ақыл-көздерін аямайтын, өмір тәжірибесінен үлгі берер қарияларымыздан тәлім алу – біз үшін мақтаныш.

Арыс БАЙЖАНБАЕВ,
«Қазақтың Левитаны»
атанған Әнуарбек
Байжанбаевтың ұлы, радио
ардагері:



ҚАЗАҚ БАЛАЛАРЫНА
КӨП КӨМЕКТЕСТІ

Мен әкемнің радио ішіндегі дауысын ең алғаш бес жасымда естігенмін. Осы салаға келуіме марқұм әкем әсер етті деп ойлаймын. Ол кісі адам баласына өте сыйлы болатын. Үлкенге құрметті, ал кішіге аса ізетті жан еді. Адам баласын алалауды білмейтін кең жүректі адам болды. Қазақ радиосынан, яғни үйді бетке алып, Желтоқсан көшесімен, енді бірде Сәтбаевпен келе жатқанда, алдынан жүзі сынық, көңілінде кірбің бар бала жолықса, тоқтатып алып тілдеседі екен. «Айналайын, не жағдай, неге көңілісің?» деп сұрақтың астына алатын көрінеді. Сонда «емтиханнан өтпей қалдым», «құлап қалдым, аға» деген жастарды жетектеп апарып, сол оқу орнының басшыларына кіріп, сөйлесіп, ауыл баласын демеп жібереді екен. Әкем қазақтың талай қарадомалақ баласының жоғары білім алып, өмірден дұрыс жолын тауып кетуіне үлес қосты деп мақтана айта аламын.

Микрофон алдында мәтінді оқып отырып, төртінші, бесінші сөйлемдерді алдын-ала көріп тұратын. Сол мәтіннің кейбір тұсын өзі қарындашпен түзеп қоятын.

Бірде Бауыржан Момышұлы өзінің жазған мақаласын радиодан оқып беруді ұсынады. Сонда Баукең хабарласып: «Жарайсың, Әнуарбек! Өз дүниеме өзімнің сай-сүйегім сырқырап кетті. Көп рахмет!» деген екен. Міне, сондай әкеммен қалай мақтанбайын?!

Ғалия ҚАЙДАУЫЛҚЫЗЫ,
ҚР Білім беру ісінің үздігі,
тіл жанашыры, этнограф,
қаламгер:



ҮНІ ДЕ, ДЕМІ ДЕ,
ТІЛІ ДЕ ТАЗА

Бүгінгі кешке Қазақ радиосының айтулы дикторларымен бірге шақырылғанымға қуаныштымын. Диктор болып еңбек етпесем де, бұл салаға бөтен емеспін. Жоғары оқу орнында оқып жүргенімде «радио және телевидение» бойынша дәріс алғанмын. Тіл жанашыры ретінде тіл, ой қадірін де бір кісідей жақсы білемін. Негізінде, диктор дауысы – табиғаттың сыйы. Үні де, демі де анық, тілі таза, баба тілімен ішкі байланысы астасып жататын, өрелі сөзден өрнек токи алатын табиғи дарыны бар диктордың оқығаны қалайда жүректерге жетеді.

Өзімнің кәсібім де, нәсібім де жазу ғой. Ең басты құндылығым – сөз. Қазақ тілінің құдіреті шексіз. Бізде 1 млн 600 мың сөз тіркесі бар екен. Неткен бай тіл! Қазақ радиосының дикторлары Ана тіліміздің бояуын бұзбай, оны қазақ қоғамына таза күйінде жеткізуге атсалысты. Бүгінгі кеште қазақ дикторларының әр сөзін, әңгімесін мұқият тыңдап отырған мөлдіреген жастарға, кітапхана ұжымына риза болып отырмын. Тыңдайтын құлақ болса, аға буын сіздерге барын беруге дайын.

Ұлтымыздың бай сөздерін төгіп-шашпай, дәмін де, мәнін де бұзбай көпшілікке жеткізе білген қазақ дикторларының тәжірибесі – ұрпаққа үлгі.

АДАМ ЖӘНЕ ЗАҢ

ӘЛЕУМЕТТІК ИНЖЕНЕРЛЕР

Интернет алаяқтық түрленіп барады

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Бұрын танымал тұлғалар мен әлеуметтік желі белсенділерінің атынан жазатын алаяқтар енді қарапайым азаматтарға көшкен. Мессенджерге немесе жалған парақшаға сол тұлғаның суретін қойып, танысының кейпінде жазады.

Алаяқтық схемасы қарапайым: кез келген адамның әлеуметтік желідегі жалған парақшасы жасалады. Сол арқылы оның жақын туыстарына, достарына не өзге таныстарына хат жазу арқылы белгілі бір банк картасына ақша аударуын сұрайды. Мұндай деректер әсіресе, Telegram мессенджерін пайдаланушылар арасында жиілепті.

Заманауи алаяқтар әлеуметтік инженерия әдістерін қолданады. Яғни әр алуан психологиялық, әлеуметтану әдістері, IT-технологиялар арқылы айла-шарғыларын жүзеге асырады. Нәтижесінде желі қолданушы өз еркімен әлеуметтік инженерлерге барлық ақпаратты, атап айтқанда, жеке деректерін, төлем карталары, электрондық пошта мен әлеуметтік желідегі парақшаларының құпия-сөздерін, екінші тұлға білмеуі керек өзге де ақпаратты береді. Фишинг – әлеуметтік инженерлердің ең сүйікті құралы. Алаяқтар бұрын жай фишингтік сайттарға сілтемелерді электрондық пошта немесе SMS арқылы жіберетін болса, қазір олар азаматтарды фишингтік сайттарға әкелетін әлеуметтік желілерде жалған парақшалар ашады.

IT мамандарының айтуынша, WhatsApp-ты екі жолмен бұзуға болады. Біріншісі сол – әлеуметтік инженерия әдісі. Телефонға келген құпиясөзді басқа бір адамға айту. Жақын араласатын танысыңыздан немесе туысыңыздан хабарлама келіп, «құпиясөз немесе сан келсе, маған айтып жібер» дегенге сенбеу керек. Екіншіден, алаяқтардан зардап шеккен қолданушылар әлеуметтік желілерде байла-

Басқа адамның әлеуметтік желідегі парақшасын пайдаланып, қаржылай көмек сұрайтын алаяқтық жиілеп кетті. WhatsApp мессенджерін бұзып, көмек сұрап, түрлі хабарлама жіберетіндерді таныстарымыздан естіп жүрміз. Мұндай алаяқтардың құрбандары көбейген.



Коллажды жасаған Нұрбосын ӨРІСҰЛЫ.

ныс деректерінің дербестігін сақтамайды. Тіпті, WhatsApp желісіндегі дауысыңызбен жазылған аудиохабарламаны қолданып, жақындарыңызға «Сіз» болып хабарлама жіберуі мүмкін. Жасанды интеллект технологиясы арқылы өзгенің дауысын қолданады.

Бас прокуратураның мәліметінше, 2023 жылы 21 мыңнан астам қазақстандық алаяқтардың құрбаны болған. Олардың дені – алматылықтар. Жақында ПМ кибер-қылмысқа қарсы күрес бөлінісінің қызметкерлері Алматы қаласында 4 call-орталықты жойды. KZ-CERT компьютерлік инци-

денттерге әрекет ету қызметінің мамандары шабуылға ұшырағандардың әлеуметтік желілерде байланыс деректерінің дербестігін сақтамағанын, сондай-ақ, байланыс деректерінің еркін таралып кеткенін жазыпты.

«Мәселен, сіз белгілі бір зат не тауарды сату туралы хабарландыруды желіге жүктедіңіз делік. Алаяқтар сізге хабарласып, оны сатып алатынын айтады және сіздің банктік картаңызға тауарға ақша аудару үшін сілтеме жібереді. Одан әрі сілтеме бойынша өтіп, сіздің банк картаңыздың CVV/CVC-коды көрсетілген деректерін

енгізуді ұсынады. Оларды енгізген соң банк картасының шотынан ақша алынады. Осылай алаяқтар әлеуметтік инженерияның көмегімен төлем картасының мәліметін алып, қаржыға қол жеткізеді», – дейді қызмет мамандары.

Зардап шеккендердің қатары көбеймеуі үшін онлайн және офлайн қауіпсіздік ережелерін сақтаудың маңызды екенін еске саламыз.

• Ең алдымен, әлеуметтік желілердегі парақшада өз профиіңіздің дербестігін баптауларда байланыс деректерін көпшілікке қолжетімді етпеген дұрыс. Мобильдік нөмірді көрсету қажет болған жағдайда, жеке және жұмыс нөмірлерін бөлу қажет, яғни жеке нөмірді туыстармен және жақындармен байланысу үшін ғана пайдаланған дұрыс.

• Құпия сөзді енгізуде өзіңізге қатысы жоқ сандар мен есімдерді қолданыңыз.

• Банк картаңыздың деректерін сақтап, картаның сыртқы жағындағы 3 санды CVV/CVC-кодын ешкімге айтпаңыз. Сондай-ақ, банктен келіп түсетін SMS-кодты ешбір жағдайда бейтаныс жандарға хабарламаңыз.

• Қазір кез келген қоғамдық орында интернетке қосылу үшін ашық қоғамдық Wi-Fi-нүктелеріне сенбеңіз, сонымен қатар өз аутентификациялық деректеріңізді қорғалмаған сымсыз желілер арқылы енгізбеуге тырысыңыз.

• Жеке деректерді, жеке куәлік деректерін, банк карталарының деректерін және тағы басқа мәліметтерді қамтитын құжаттарыңыздың көшірмелері бен банк картасының суретін ешкімге жібермеңіз.

НАУҚАН

ЗАҢСЫЗ ЖАРНАМАҒА ТОСҚАУЫЛ

Алматыда «Наркостоп»
акциясы өтті

Қаладағы ғимараттардың сыртқы қабырғасына жазылған есірткі жарнамаларын жою үшін «Наркостоп» акциясы өтті. Шара Алматы қаласы Жастар саясаты басқармасы, прокуратура және Алматы қаласының Полиция департаментінің Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасының қолдауымен өтті.



Мақсат – жастарға есірткінің зиянын түсіндіріп, салауатты өмірді таңдауға шақыру.

– «Наркостоп» акциясы – тек жазуларды бояу емес, жастарға қауіпсіз болашақ сыйлауға бағытталған маңызды қадам. Осындай шаралар арқылы жастар арасында есірткінің зиянын түсіндіріп, салауатты өмір салтын насихаттап, олардың өз ортасына деген жауапкершілігін арттырғымыз келеді», – деді ұйымдастырушылар.

Науқанға 200-ге жуық волонтер мен белсенді жастар қатысты. Олар Алматы қаласының Полиция департаментінің қызметкерлерімен бірге есірткі жарнамаларының орнын анықтап, заңсыз жазбаларды өшірді. Рейд барысында 1 күннің ішінде ғимараттардың сыртқы қабырғасына жазылған 100-ден аса жарнама анықталып, жойылды.

«Осы акцияға қатысқан қала жастарын ортақ мақсат біріктірді. Біз заңсыз жарнамаларды өшіріп, олардың әр қарай таралмауына кішкене болса да өз үлесімізді қосып жатырмыз», – дейді волонтер Күшқуат Бектұрғанов.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, бұл акция бір реттік емес, бұдан кейін де жүйелі түрде өтіп тұрады.

Гүлжанат МАРАТҚЫЗЫ.

ҚАУІПСІЗДІК



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

ТАУДА ҚҰТҚАРУ

жұмыстарына еріктілер де тартылады

Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында Алматы қаласы бойынша Төтенше жағдайлар департаментінің өкілдері қауіпсіздік шарасы мен тауда құтқару операциясын қамтамасыз ету жөнінде мәлімдеді.

Айнабай
МӘДИ

Төтенше жағдайларды жою басқармасының басшысы, азаматтық қорғау подполковнигі Дмитрий Ярцев құтқару бөлімшелерінің құрамы мен жабдыкталуы жайында айтты. Д.Ярцев «Құтқарушылар мен жолсеріктерді тауға даярлау орталығы», «Лидер KZ» және Альпинизм федерациясы сияқты еріктілер ұйымдарымен маңызды өзара іс-қимыл барын атап өтті.

– «112» желісіне қоңырау түскен кезде Төтенше жағдайлар басқармасы іздеу-құтқару жұмыстарына тартылатын еріктілер ұйымдарымен өзара іс-қимылды ұйымдастырады, – деді Ярцев.

Бүгінде спортшылар, альпинистер мен квадрокоптер мен

жол талғамайтын көліктердің несін қосқанда, 258 құтқарушы ерікті тіркелген. Құтқарушылар төтенше жағдайда жедел әрекет етуге құтқару қызметінде 4 мотовездеход, 2 қарда жүретін көлікпен қоса, басқа да техникалар барын айтты.

– Биылғы тоғыз айда 210 іздеу-құтқару операциясы жүргізілді, соның 208-і тауда. Нәтижесінде 396 адам (оның ішінде 59 бала) құтқарылды, – деп қорытындылады құтқару қызметінің өкілі Хозы Бүркітбайхан.

КЕРЕК ДЕРЕК

• Алматыда екі негізгі құтқару жасағы – Республикалық жедел-құтқару жасағы мен қалалық Құтқару қызметі жұмыс істейді. Олардың жалпы құрамы 308 адамнан, 447 техникадан тұрады. Оған қоса, үш тікұшақ бар.

• Күн сайын 7 техникасы мен 6 қызметтік итімен РЖҚЖ-ның 42 қызметкері, сондай-ақ 5 техникасы мен 13 итпен 14 құтқару қызметінің қызметкері кезекішілікте болады.



ЕҢБЕК АДАМЫ – 2024

МЕЙІРІМ ШУАҒЫ

Кез келген елдің өсіп-өркендеуіне күнделікті жұмысын адал атқаратын еңбек адамдарының әсер ететіні ешкімге жасырын емес. Бұл туралы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің Қазақстан халқына Жолдауында атап өтті. Мемлекет басшысы ерекше атап өткен мұндай еңбек адамдары еліміздің түкпір-түкпірінде қоғамға өз үлесін қосып келеді. Олардың бірі – Алматы қаласының тұрғыны әрі мектеп мұғалімі Гаухар МАХАМБЕТОВА. Ол Алматы қаласы Қоғамдық даму басқармасының қолдауымен «Жастар үні» республикалық қоғамдық бірлестігі ұйымдастырған «Еңбек адамы» жобасының тізіміне енді.

Досбол
АТАЖАН

7 арнайы мектеп-интернатында мұғалім-дефектолог қызметін атқарып келемін. Жалпы, еңбек жолым бастағаным – 42 жыл, педагогика саласында жүргеніме – 36 жыл болды. Ұстаздық – жауапкершілігі мол, қызметі күрделі, даңғайыр даңғыл жол. Сол жолда ерекше балалармен жұмыс жасау – аса мейірімділік пен жауапкершілікті талап етеді. Қызығы мен шыжығы көп мамандығым өзіме қатты ұнайды. Ұзақ бір мекемеде жұмыс атқаруым – мектептегі ұжым ынтымағының және ұйымшылдығының арқасы деп білемін, – деп ағынан жарылады бүгінде маман.

«Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» деп данышпан Абай айтқандай, тәжірибелі ұстаз қанша жыл өтсе де, бала оқытудан жалыққан емес. Гаухар Болатқызының айтуынша, ол таңертең ерекше қажеттіліктері бар балаларды қабылдап, оларға асқан ықтиярлықпен білім береді. Ал мектептегі жұмыс аяқталған кезде үйден оқитын оқушысына барады. – Таңғы 8.00-де балаларды қабылдап аламын. 1-сабақтан кейін балаларды таңғы асқа апарамын. Таңғы астан кейін балалар негізгі сабақтарын оқуға кіріседі. Мен заманауи технологияларды пайдалана отырып, сабақтарды қызықты өтуге тырысамын. Арасында сергіту жаттығуларын жасаймыз. Балалардың психофизикалық ерекшеліктеріне байланысты оқушының көңіл күйі әртүрлі болады: бірде жылайды, бірде күледі.

Осы ерекше балалардың тілін тауып, сапалы білім мен тәрбие беру – менің басты мақсатым. Түсте тәрбиеші келіп, оқушыларды қабылдап алған соң мен үйден оқитын оқушыма барамын, – дейді мұғалім.

Сондай-ақ, Гаухар Махамбетова ұстаздық қызметі арқылы қоғамға өз үлесін қосқысы келетінін атап өтті.

– Болашақ ұрпақ қоғамдық өмірге тез әрі жеңіл қосылу үшін мен оларды тәрбиелеп оқытуға тырысамын. Балалардан елімізге иілігі тиетін тұлға шығару үшін еңбек етемін. Осы арқылы мен қоғамға өз үлесімді қосып келемін. Ұстаз болу – абыройлы міндет. Мұғалім мамандығы ешқашан қоғам үшін өз өзектілігін жоғалтпайды, – деп түйіндеді Гаухар Болатқызы.

Талай баланы тәрбиелеп, біліммен сусындатқан ұлағатты ұстаздың бүгінде ер жеткен екі ұлы бар. Олардан немере сүйіп отырған әже үйдегі кішкентайларға ақ жол сілтеп, тәлім беруді ұмытпайды.

АЛТЫН ҰЯ



АТЫ АҢЫЗҒА АЙНАЛҒАН ҚАЗАҚ БІЛІМІНІҢ ҚАРАШАҢЫРАҒЫ №12 МЕКТЕПКЕ – 100 ЖЫЛ!

Қазақтың кіл қаймағы қолына қалам алып, қара таныған киелі шаңырақ баршамыздың мақтанышымыз. Айтулы білім ұясы тек қана мектеп қана емес, зиялылардың мұражайы іспетті. Өзінің осынау тағдырлы жолында №12 мектеп талай бел-белестен өтті.

Рая
ЕСКЕНДІР

Осынау жылдар ішінде атақты мектептің ақтаңдақтары да болды. №12 мектептің тарихына көз жіберсек, білім бұлағының бастауын №12 мектеп – коммунадан, яғни «Абай» атындағы №8 қырғыз (қазақ) балалар үйінен алады. 1924 жылғы 22 қазандағы қазақ КСР Халық Комиссарлар Кеңесінің қаулысы бойынша жалпыға білім беретін ұлттық үлгілі – тәжірибе мектебі болып құрылды. Мектеп тарихында балалар үйі туралы мағлұматтар республикалық, облыстық, қалалық мұрағаттарда 1922-1923 жылдардан бастап кездеседі.

Осылай басталған мектеп тарихы шежіреге толы. 1925 жылы 24 наурыз Жетісу Халық Ағарту губерниялық инспекциясының №30 бұйрығы бойынша Алматының Абай атындағы №8 балалар үйі 9 жылдық №8 қырғыз (қазақ) үлгілі – тәжірибе мектебіне, ал 1 сәуірде №8 мектеп Қазақ Халық Ағарту Комиссариатының бұйрығымен 9 жылдық үлгілі – тәжірибе мектебіне айналды.

Көп ұзамай, 1929 жылы Қазақ АКСР-ның астанасы Қызылордадан Алматыға көшуіне байланысты үлгілі – тәжірибе мектебінің I басқышы бөлініп, Қапалға кетіп, II басқыш – 5-сыныптан бастап Алматыға қалады. Міне, кейін бұл мектеп Алматы қаласындағы №12 қазақ мектеп-интернатының негізін салып, 1934 жылдан бастап Алматы қалалық білім беру бөлімінің шешімімен қала мектептері қайта тізімделіп, жаңа сандық реті белгіленген кезде толық орта білім беретін №12 мектеп деп атала бастады.

№12 мектеп жайында 1935 жылы болған кездесуде ұлт көсемі Ахмет Байтұрсынұлы «Қазақстанның болашағын осы балалар жасайды» десе, 1937 ж. мектеп бітіру кешінде Темірбек Жүргенов «Дипломатиялық қызметпен айналысқысы келетін түлектерге айтарым – ұлы философтардың еңбектерін тереңірек оқыңдар» дейді. Қазақ мектебінің ашылғанына қуанған ақын Сәкен Сейфуллин 1937 жылы мектеп үйірмесінің мүшелерімен кездесуде «Сендерге арналған кітабым келесі жылы жарыққа шығады. Сендер ана тілінде сөйлесін деп осы кітапты

жаздым», – дейді. Ал жазушы Сәбит Мұқанов мектепке арнайы келіп, «Бүгінгі қыздар – болашақ ана, адамзаттың ардақтысы, дүниенің тұтқасы», – деп ағынан жарылғаны, ұлтына деген қамқорлығы емес пе?

Сосын бұл мектепке 1936 жылдың қаңтар айында С.М.Киров есімі беріледі. Соғыс жылдары 1942-1943 оқу жылында аталмыш мектеп екіге бөлініп, №12 қыздар мектебі және №18 ұлдар мектебі деп атала бастайды. Ұлдар оқитын №18 мектепті Фурманов-Жас Коммунарлар көшелерінің қиылысындағы үйге көшіріп, қыздар оқитын №12 мектеп Калинин көшесі, 80 (Красин қиылысы) тұрғын-жайда қалады.

Өзінің тарихында айтулы мектеп тағы бір өзгерісті басынан кешіріп, 1954-1955 оқу жылында №12 қыздар мектебі мен №18 ұлдар мектебі қайтадан бірігіп, С.М.Киров атындағы орта білім беретін №12 қазақ мектебіне айналды. Осылайша бір байламға келген мектепке 1971–1985 оқу жылында Социалистік Еңбек Ері Рафика Бекенқызы Нұрғазина мектеп директоры болды. Қазақ білімінің қарлығашындай болып, қанатымен су сепкен мектеп 1972 жылдан бастап алғаш болып, ағылшын тілін тереңдетіп оқытуды бастады.

Ұлт зиялыларының қолдауының арқасында 1975 жылы 9 рет қоныс аударып, көшіп-қонған №12 қазақ орта мектебі бүгінгі орнына (Бөгенбай батыр-Қонаев көшелерінің қиылысы) біржола орнықты. Жазушы, мемлекет және қоғам қайраткері Әбіш Кекілбаев атақты мектеп туралы айтқан «Күні кешеге дейін астанадағы №12 қазақ мектебі білім теңізінде жалғыз жүзген кемедей еді. Енді қазақ мектебінің қатары көбейген тұста да байырғы оқу орны солардың керуенін бастар ту ұстаушысы, білім айдынындағы желкендісі бола бергей», – деген бір ауыз сөзі бүгінде қазақ мектептерінің құжатына айналып отыр.

Айтулы мектеп 1984 жылы мектептің 60 жылдық, 1994 жылы 70 жылдық, 1999 жылы 75 жылдық, 2004 жылы 80 жылдық, 2014 жылы 90 жылдық мерейтойларын дүрілдетіп атап өтті. Талай жылғы тарих иесіз қалған жоқ. №12 мектеп қабырғасынан 1984 жылы мұражай ашылып, 1994 жылы қазақтың тұңғыш ғалымы Шоқан Уәлихановтың есімі берілді. Осылайша тынысы ашылып, ауқымы кеңейген

Суретті түсірген ©Амат ©ЕРІКБАЙҰЛЫ.

мектепке 1996 жылы жаңа типті «ағылшын тілін тереңдетіп оқытуға мамандандырылған орта мектеп» куәлігі берілді. Сексен жылдығына тарту ретінде 2004 жылы мектеп тарихын байырғы ұстаз, ғалым Рахима Сәкенова ұзақ жыл зерттеп, нәтижесінде «Білім айдынындағы Ақ кеме» атты құнды кітап жарық көрді.

Дәл осы жылы Алматы қаласы әкімінің арнайы шешімімен «көп салалы гимназия» мәртебесіне ие болды. Мектепке 2005 жылы 5 қыркүйекте сол кездегі ел Президенті Н.Ә.Назарбаев келіп, ұжыммен кездесті. Білім ұясы «Алматы қаласының үздік мектебі – 2005» байқауының Бас жүлдесін, 2007 жылы ұлттық «Балалық шақ досы» байқауында «Ең үздік ақпараттық мектеп» номинациясын жеңіп алды.

Сонымен қатар, «Алматы қаласының бәсекеге қабілетті 50 үздік мектебі» байқауының, «Тәуелсіз Қазақстанның рухани және әлеуметтік дамуы жолында қол жеткен табыстары мен білім беру саласына қосқан үлесі үшін» ҚР Білім және ғылым министрлігінің Құрмет грамотасымен, «Балаларды оқыту мен тәрбиелеудегі жеткен жетістіктері үшін» Алматы қаласы әкімінің Құрмет грамотасымен марапатталды.

Мектептің «Ақ кеме» журналы ай сайын жарық көрсе, «№12 мектеп» атты мерейтойлық медалі «Аңызға айналған Алтын ұя» деректі фильмі жарыққа шыққан. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің шешімі негізінде Ш.Уәлиханов атындағы №12 гимназияға «Дарын» республикалық орталығы жүйесіндегі мамандандырылған дарынды балаларға арналған гимназия мәртебесі берілді.

Білім айдынында шағаладай еркін қалқыған мектеп 2016 жылы Алматы қаласы мектептері арасынан оза шығып, «Үздік педагогикалық ұжым» сайысында жүлделі бірінші орынды, 2018-2019 оқу жылында Алматы қаласы бойынша «Үздік ұйым» байқауында Бас жүлдені иеленді. Сонымен қатар, 2021-2022 оқу жылында Республика бойынша «Үздік 50 мектептің» тізіміне еніп, «Үздік мамандандырылған гимназия» атанды.

Бұл киелі босаға – нсі қазақтың бүкіл тұңғышының тұсауын кескен қасиетті шаңырақ. Талай танымал тұлғаның табанының ізі қалған атақты №12 мектептің тарихы терең. Ол туралы әлі талай ұрпақ толғанып, толғары хақ.



БІЗДІҢ МАҚТАНЫШТАРЫМЫЗ!

БОКС

Қазақстан құрамасы бокстан жастар арасындағы әлем чемпионатынан 17 жүлдемен, оның ішінде 6 алтынмен оралды. Ел мерейін үстем еткен спортшыларды жанкүйерлер мен туған-туыстары Алматы әуежайынан салтанатты түрде күтіп алды.



ЖЕҢІМПАЗДАР

Қазақстан Әлем чемпионатының жалпыкомандалық есебінде 1-орында!

Досбол
АТАЖАН

22 қазан мен 3 қараша аралығында Черногорияның Будва қаласында өткен жастар арасындағы бокстан әлем чемпионаты қазақстандық боксшылар үшін сәтті аяқталды. Ұлттық құрама бұл

турнирде алғаш рет жалпы есепте бірінші орын алды. Қазақстан құрамасының нәтижесі: 6 алтын, 1 күміс, 10 қола.

Жарыс бойы қарсыластарына бой бермей, топ жарған спортшыларымыз: Боранбек Бексұлтан (51 келі), Төрехан Сабырхан (67 келі), Өнер Сейілхан (71 келі), Санжар-Али Бегалиев (75 келі), Елянур Турганова (50 келі), Аружан Зейноллаева (81 келі).

ЖАЛПЫ ЕСЕП
КЕЛЕСІ РЕТ БОЙЫНША
ОРНАЛАСТЫ:

1. Қазақстан – 6 алтын, 1 күміс, 10 қола;
2. Өзбекстан – 5 алтын, 5 күміс, 3 қола;
3. Ресей – 5 алтын, 2 күміс, 1 қола;
4. Қытай – 3 алтын, 3 күміс, 4 қола.

ЕРКІН КҮРЕС

Алматы әуежайында еркін күрестен әлем чемпионатының алтын медалін жеңіп алған Нұрқожа Қайпановты жақындары мен жанкүйерлері ыстық ықыласпен қарсы алды.



НҰРҚОЖА –

Еркін күрестен әлем чемпионы!

Албанияның бас қаласы Тиранада өткен күрес түрлерінен әлем чемпионатында (олимпиадалық емес салмақтарда) Қазақстан құрамасының палуандары 1 алтын, 2 күміс медаль жеңіп алды. Жаһандық додада еркін күрестен қазақстандық балуан Нұрқожа Қайпанов топ жарды. Отандасымыз финалда жапон палуаны Йоиносуке Аоягиден басым түсті. Есеп: 3-5. Нұрқожа дәл осы салмақта (70 келі) 5 жыл бұрын еліміздің астанасында өткен әлем чемпионатында күміс жүлдеге ие болған. Осылайша елімізден 2-жыл қатарынан еркін күрестен әлем чемпионы шықты. Былтыр Сербия астанасы Белградта Ризабек Айтмұхан 92 кг дейінгі салмақта топ жарған.

Айта кеткен жөн, Қайпанов іріктеуде Митчелл Финесилверді (Израиль), кейін Николай Грахмезді (Молдова), Акаки Кемертелидзені (Грузия) айқын басымдықпен жеңген. Жартылай финалда тәжікстандық Абдулмажид Кудиевті таза жықты.

Жалпы, Тиранадағы Олимпиада бағдарламасына кірмейтін салмақтар бойынша әлем чемпионатында Қазақстан құрамасы 1 алтын, 2 күміс медаль жеңіп алды. Грек-рим күресінің шебері Ержет Жарылқасын (63 кг) мен әйелдер күресінен Жәмила Бақбергенова (72 кг) жүлделі болды.

ҰЛТТЫҚ ЖОБА

ДЕНІ САУДЫҢ – ЖАНЫ САУ

Дене тәрбиесін дамыту – басты назарда

Алматыда сапалы дене тәрбиесі саясатын ілгерілету және сапасын кешенді жақсартуға арналған оқу семинары өтті. ҚР Президентінің жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия мен ҚР ЮНЕСКО және ИСЕСКО істері жөніндегі ұлттық комиссиясының қолдауымен, сондай-ақ ҚР оқу-ағарту министрлігі мен ЮНЕСКО (БҰҰ-ның Білім, ғылым және мәдениет мәселелері жөніндегі ұйымы) арасындағы өзара түсіністік туралы меморандумға сәйкес, 2023 жылы «Қазақстанда сапалы дене тәрбиесі» жобасы іске қосылған болатын. Жобаның серіктесі – ҚР оқу-ағарту министрлігінің Дене мәдениеті бойынша ұлттық ғылыми-тәжірибелік орталығы болды.

Ернұр
РЫСБАЙ

Іс-шараға дене тәрбиесі мұғалімдері, білім беру, денсаулық сақтау, туризм және спорт басқармаларының қызметкерлері қатысты.

«Бұл іс-шараның негізгі мақсаты – дене шынықтыру мұғалімдерінің әлеуетін ЮНЕСКО қағидаттары мен стандарттарына сәйкес жақсарту. ЮНЕСКО дегеніміз – БҰҰ-ның білім, ғылым және мәдениет жөніндегі мамандандырылған мекемесі. Біз үшін спорт және дене шынықтыру саласын дамыту басымдылық болып табылады. Себебі, еліміздің болашағы дені сау, белсенді жастардың қолында. Сонымен қатар, жастарды спортқа баулу БҰҰ-ның тұрақты даму мақсаттарына сәйкес болып келеді. Бұл жоба сыртқы істер министрлігі, ұлттық олимпиада комитеті және гендерлік комиссиямен бірігіп іске асырылуда», – деді Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан және Өзбекстан бойынша ЮНЕСКО-ның Алматыдағы кластерлік бюросы, Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар мәселелері бойынша бағдарламалық маман Мақсат Байбеков.

Бұл жоба сапалы дене тәрбиесі қағидаттарын ілгерілетуге бағытталған, ұлт денсаулығын нығайту және жастар арасында дене мәдениетін дамыту үшін маңызды қадам болды. Жоба аясында «Қазақстанда сапалы дене тәрбиесі саласын талдау» атты аналитикалық есеп әзірленіп, «Қазақстанда сапалы дене тәрбиесі саясаты» жасалды. Сонымен қатар, еліміздің бес ірі қаласында дене мәдениеті саласының 500-ден астам маманы-



мен кездесулер өткізілді. СДТ саясатына негізделген бастамаларды белсенді түрде ілгерілеті отырып, Алматыдағы ЮНЕСКО-ның Өңірлік бюросы дене шынықтыру оқытушыларының кәсіби стандарттарын арттыруға, инклюзивті оқыту әдістерін енгізуге және гендерлік теңдік қағидаттарын ілгерілетуге ерекше назар аударды. Осы бастамалар аясында Қазақстанның алты қаласында оқу іс-шараларының сериясы өткізілді. Олар: Орал, Қостанай, Астана, Түркістан, Ақтөбе және Алматы.

Сонымен қатар, жастарды СДТ қағидаттарына тарту үшін семинарлар аясында ЮНЕСКО клубтарының мүшелері және дене тәрбиесі мұғалімдерін дайындайтын студенттермен қосымша сессиялар ұйымдастырылды. Бұл кездесулер жастар арасында денсаулық мәдениетін қалыптастыруға және физикалық белсенділікті арттыруға ықпал етеді деп күтілуде. Осы туралы Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия төрағасының орынбасары Елена Тарасенко айта кетті.

«Бүгінде көптеген жаңа тәсілдерді ұсынатын жаңашыл педагогтеріміз бар. Біз ұлттық ғылыми-тәжірибелік орталыққа үлкен үміт артамыз, олар осы ұсынылған тәсілдерді негізге алып, болашақта балаларымыздың физикалық дайындығын жақсартады деп сенеміз. Педагогтермен кездесіп, біз балалардың физикалық дайындығының әлсірегенін түсіндік және бұл мәселеге ерекше назар аудару қажет екенін аңғардық. Сондықтан біздің бүгінгі кездесулеріміз бен болашақтағы кездесулеріміз осы жұмысқа бағытталатын болады деп үміттенемін. Осы орайда серіктестерге, ең алдымен, бүгінгі ұйымдастырылған үлкен жұмыс үшін ЮНЕСКО-ға зор ризашылығымызды білдіргім келеді», – деді ол.

«ASYK PARTY-2024»

Ел Президенті Қазақстан халқына арнаған кезекті Жолдауында ұлт болашағын нығайту үшін бұқаралық спортты дамыту қажет екенін баса айтқан еді. Қазіргі таңда осы бағыттағы жұмыстарды жандандыру мемлекет саясатының басты басымдығының біріне айналып отыр. Оның үстіне салауатты ұрпақ қалыптастыру үшін бұқаралық спортты жандандырудың қажет екенін уақыттың өзі де дәлелдеп отыр.

ҰЛТТЫҚ СПОРТТЫҢ КЕЛЕШЕГІ КЕМЕЛ

Алматы қалалық Спорт басқармасының тікелей қолдауымен Түркісіб ауданындағы №211 мектеп-гимназия шаңырағында ұлттық спорт түрлерінен «Asyk party-2024» атты жарыс өтті. Спорттық жарыстың ашылу салтанатында қалалық Денешынықтыру орталығының директоры Бақтияр Елемесов сөз алып, жас ұрпақ бойына құндылықты сіңірудің басты жолы – ұлттық ойындарды насихаттау екеніне тоқталды.

– Қазіргі таңда елімізде спорттың дамуына айрықша көңіл бөлініп, барлық жағдай жасалып жатыр. Жастайынан спортты серік еткен баланың болашақта жат қылықтан аулақ, дені сау болып өсетінін өмірдің өзі дәлелдеп отырған жоқ па? Біздің қаламызда спортпен айналысам деген адамға барлық жағдай бар. Тауға шығып, шаңғы тебуге, төменге түсіп коньки тебуге болады. Спорт сарайлары, ойын алаңдары қаншама! Тек уақыт бөліп, спортпен достаса білу керек. Ұйымдастырылып отырған шараның мақсаты да осы, – деген Орталық директоры жас спортшыларды биікке бастаған доданың одан әрі жалғасатынын жеткізді.

Ұлттық спортты насихаттау мақсатында өткізіліп отырған додаға ауданның барлық білім мекемелері қатысып, жарыс көрігін қыздырды. Спорттық жарысқа қатысушылар «Асық ату», «Тымақ ұру», «Арқан тартыс», «Бұқа тартыс», «Бестем-ше» сынды ұлттық спорт түрлерінен жарысқа түсіп, белсенділік танытты.

– Спорттық жарысқа дайындық барысында оқушылардың ерекше қызығушылығын байқадым. Сондықтан әрбір мереке аясында осындай үлкен жарыстар өткізуді үрдіске айналдырсақ на деп отырмыз. Осы балалардың арасында ертеңгі ел намысын қорғайтын атақты спортшылардың жүрмесіне кім кепіл? – дейді мектеп басшысы Айжан Қасымова.

Ұлттық спорт жарысының қорытындысы бойынша №59 мектептің «Алтын сақа» командасы – I орын, №162 мектептің «Қыран» командасы II – орын, №198 мектептің «Сұңқар» командасы – III орынды иеленді.

Рая ЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ.



«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

2025 жылға «Almaty aqshamy» газетіне жазылу науқаны басталады

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі өкілдіктерінде жазылуға болады. Бізді aqshamnews.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2025 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін) 1 айға – 613,40 теңге, 3 айға – 1840,20 теңге, 6 айға – 3680,40 теңге, 12 айға – 7360,80 теңге

15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) 1 айға – 1315,62 (қала), 803,40 (ауыл) теңге, 3 айға – 3946,86 (қала), 2410,20 (ауыл) теңге, 6 айға – 7893,72 (қала), 4820,40 (ауыл) теңге, 12 айға – 15787,44 (қала), 9640,80 (ауыл) теңге

95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін) 1 айға – 393,40 теңге, 3 айға – 1180,20 теңге, 6 айға – 2360,40 теңге, 12 айға – 4720,80 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

Құрметті оқырмандар!

«Almaty aqshamy» газетінің баспа нұсқасына жазылуды енді **Post.kz сайты** арқылы немесе мобильді қосымшаны пайдалана отырып, онлайн режимде ресімдеуге болатынын қуана хабарлаймыз. Жылдам іздеу функциясы арқылы «Almaty aqshamy» газетін тауып, оған жазылуды бір сәтте ресімдеуге болады. Газетке жазылу үшін оның қажетті санын, жазылу мерзімін көрсетіп, кез келген банктің картасымен төлем жасау қажет.

Жазылу индекстері мен жазылу құны «Almaty aqshamy» газетінің баспа нұсқасына жазылумен тең.


Газет **Post.kz**-пен ресімдеу кезінде көрсетілген мекенжай бойынша жеткізіледі. Қызмет **24/7** қолжетімді.

СПОРТ

«ТЕМІР АДАМ»

лақап атымен танымал ел мақтанышы сарбаздармен жүздесті

Қазақстан Республикасы ИМ Ұлттық ұланы «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығының жауынгерлері қазақ еліне танымал спортшы, рекордсмен Темір Спатаевпен жүздесті. Күш экстрими бойынша бірнеше дүркін рекорд иесімен кездесуді қолбасшылықтың Тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыстар басқармасы өкілдері ұйымдастырды.



Нұржамал ӘЛШЕВА

Ұлттық ұланның 3660 әскери бөлімінде өткен іс-шараға 250-ден аса сарбаз қатысты. Темір Спатаевтың спортта жүргеніне 30 жылға жуықтаған. Ол кездесу барысында биік белестерді тек ерен еңбектің арқасында бағындырғанын айтты. Сарбаздардың денені шынықтыру және моральдық дайындығының маңыздылығын талқылап, мықты тұлға болып қалыптасудағы патриотизмнің ролін атап өтті. Сондай-ақ, армандарға жетудің жолдарымен бөлісіп, құқықтық тәртіп әскері жауынгерлерін салауатты өмір салтын ұстануға шақырды. Темір Спатаевтың күш экстрими бойынша кәсіби түрде айналысып, рекорд орнатып жүргеніне жеті жылдай болған.

– Спортты жаным сүйеді. Мақсатым – осы спорт түрін елге, әлемге танытып, жастар арасында насихаттау. Өскеген ұрпақты шыңдап, білімді етіп, патриоттық сезімін оятқым келеді. Сондықтан оқушылармен және қазақ әскеріндегі сарбаздармен осылай жиі кездесіп жүрмін. Әрине, айналысып жүрген

ісімді өзім ғана білсем деген ой жоқ. Қазақтың әр баласы мықты болсын. Біз батыр бабаларымыздың ұрпағы екенімізді ұмытпауымыз керек, – дейді күш экстрими бойынша рекордсмен Темір Спатаев.

Кездесу кезінде қара күш иесі әскери қызметшілер арасында белтемірге тартылу, гір тасын көтеру, салмағы 25 келі болатын болат қылышты бір қолымен тіке ұстап тұру секілді жарыстар ұйымдастырды. Жақсы нәтиже көрсеткен ұландықтарға алыптар сайысы бренді бейнеленген футболкалар тарту етті. Әскери қызметтегі нәзік жанды арулар арасында да болат қылышты бір минуттан аса көтерген лейтенант Әлия Әбдіғалиеваға темір шегені иіп, жүрек пішінін жасап, сыйлады.

Айта кетейік, Темір Спатаев халық арасында «темір адам» деген лақап атпен танымал. Ол армрестлингтен халықаралық деңгейдегі спорт шебері, Азия чемпионы, Бауыржан Момышұлы атындағы «Намыс» төсбелгісінің иегері. Мас-рестлингтен әлем чемпионатының жүлдегері. Сонымен қатар, ол – «Толағай» ұлттық спорт федерациясының негізін қалаушы.

ЭКОҚАУІПСІЗДІК

АВТОМАТТАНДЫРЫЛҒАН МОНИТОРИНГ ЖҮЙЕСІ ЖЫЛ СОҢЫНА ДЕЙІН ТИІСТІ МЕКЕМЕЛЕРДЕ ТОЛЫҚ ОРНАТЫЛУЫ ТИІС

Быттыр ҚР Қауіпсіздік Кеңесінің отырысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздегі энергетикалық кешендерге ерекше көңіл бөліп, «Кеңестік кезеңнің мұрасы болып қалған көптеген өнеркәсіптік кәсіпорындар, ескі көмір электр станциялары мен қазандықтар экологиялық жағдайдың нашарлауына алып келді» деп атап өткен еді.

Биыл ел Президентінің тапсырмасымен Алматыдағы «АлЭС» АҚ-да Б.Оразбаев атындағы ЖЭО-1 мен «Батыс жылу кешені» шығарындыларының стационарлық көздерінде атмосфералық ауаға таралатын эмиссияны мониторингілеу мен бақылаудың автоматтандырылған жүйелері орнатылды. Бұл жобаны жүзеге асыру – кәсіпорынның еліміздің экологиялық заңнама талаптарына сай болуына мүмкіндік берген экологиялық қауіпсіздікті арттыру бағдарламасының кезекті әрі қажетті кезеңі.

Алматы аспанының шайдай ашық болуы – шаһарымыздың шырайы емес пе?! Осы орайда, Алматы атмосферасына таралатын зиянды қалдықтың барынша азаюына баршамыз мүдделіміз. Бұл мәселені құзырлы органдар да бақылап, қатаң қадағалауға алуда. Алматы қаласы бойынша Экологиялық департамент журналистерді қаламыздағы «ЖЭО-1»-на жиып, станса басшылығында қысқаша мәслихат, бастапқы нұсқау өткізді. Журналистер жылу-энергетикалық орталығындағы 5, 6, 7-түтін тұрбаларда орнатылған датчиктердің атқаратын қызметімен, одан кейін ауаға таралатын зиянды химиялық қоспалардың бекітілген нормаға сай болуын арнайы контейнердегі көрсеткіштен біліп, компьютерлі орталықтан көріп, жылыту орталығындағы экожағдаймен тыңғылықты танысты. Содан соң эколог бөлмесіне аялдаған тілші қауым «Батыс жылыту кешеніне» барып жылыту орталығының жұмысымен танысты.

«Бүгінде қаламыздағы жылу-энергетикалық орталықтарда автоматтандырылған мониторинг жүйесі орнатылған. Осы жүйе арқылы орталықтардан ауаға тараған шығарындылар туралы ақпарат біздің министрлікке келіп тұратын болады. Сол ақпаратқа тиісті талдау жасап, жұмысымызды жүйелендіретін боламыз. Рұқсат етілген нормадан ауытқу болса, мекемеге өз тарапымыздан әкімшілік шара қалданамыз. Бұл жобалық жұмыстар быттыр қаңтардан басталуы тиіс- тін, бір себептермен кешіктіріліп, қолға алынып отыр. Бұл маңызды мәселе Мемлекет басшысының қатаң бақылауында тұр. Жыл соңына дейін тиісті мекемелерде автоматтандырылған мониторинг жүйесі толық орнатылуы тиіс, – дейді Алматы қаласы бойынша Экологиялық департамент басшысы Данияр Әлімсейтов.

Айнабай ҚЫДЫРБАЙҰЛЫ.

Алматы қаласы Қоғамдық даму басқармасының қолдауымен Адам саудасы бойынша қылмыстардан зардап шеккендермен жедел байланысты қамтамасыз ету мақсатында Адам саудасы бойынша қылмыстар құрбандарына бірінші дәрежелі медициналық, психологиялық көмек көрсету және оларды арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету баспаларына қайта бағыттау үшін «Call Center» қызметі құрылғанын хабарлаймыз. 8 707 774 30 60.

Жобаны ұйымдастырушы: «Адырна» ҰЭБ» қоғамдық қоры.



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ
Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛШЕВА

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерциялық директор –
Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12. E-mail:
rekalatauaqparat@gmail.com

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail:
rekalatauaqparat@gmail.com
тел: 293-08-25

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА...

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамына:
8 777 078 53 48, 8 747 204 19 70
телефоны арқылы сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін хабарласыңыз

Almaty
AQSHAMY

Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatau Aqparat» ЖШС.
E-mail:
alatauaqparat@gmail.com
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет аптасына 2 рет, сейсенбі және жұма күндері шығарылады. Нөмірдің таралымы – 11 152 дана (сейсенбі)

Кезекші редактор –
Айнабай МӘДИ

Газет "Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген. Тіркеу туралы № KZ17VPY00085956 куәлігі 19.01.2024 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy» -ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Алматы-Болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В. Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00. Оффсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс бортында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.



www.instagram.com/aqshamy.official



www.facebook.com/aqshamy.official



web.telegram.org/k/#@aqshamy_kz



www.youtube.com/channel/UCXzM2xrJCHx6Br1ggA



БЕРДІБЕК СОҚПАҚБАЕВ – 100



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ

«МЕНИҢ АТЫМ – ҚОЖАНЫ» ОҚЫСАҢ... қазақ болғаныңа қуанасың»

«Алатау» дәстүрлі өнер театрында қазақ әдебиетінің классигі, жазушы Бердібек Соқпақбаевтың туғанына 100 жылына арналған әдеби-музыкалық кеш өтті.

Айнабай
МӘДИ

Әдеби-музыкалық кеш әйгілі жазушының мұқым елге танымал «Менің атым – Қожа» повесі желісімен түсірілген кинофильмінен алынған Сұлтан мен Қожаның диалогынан басталды. Оны актерлер Ерсұлтан Тезекбай, Әбіл Мұратұлы керемет әсерлі ойнады. Сонан соң «Сенім» балалар хоры Н.Тілендиевтің «Туған ел» әнін (сөзі Т.Молдағалиевтікі) орындады.

«Бұл әдеби-музыкалық кештің өтетіні жөнінде әлеуметтік желілерде көп жарияланғандықтан, жұртшылық залға сыймай кеткені рас, оған кешірім өтінеміз. Біртуар жазушы Бердібек Соқпақбаевтың жүзжылдығына арналған мереке – әдебиетіміз бен мәдениетіміздің мерекесі. Соңында мәңгі өлмес, қайталанбас туындыларын қалдырған, қазақтың баласының ойын, ойынын керемет суреттей білген жазушы Соқпақбаев – еліміздің мақтанышы», – деді Алматы қалалық Мәдениет басқармасы басшысының орынбасары Арман Халбеков.

Қазақтың мінезін, өмірін, тұрмыс-тауқиметін қаз-қалпында бейнелеген қарымды қаламгердің туғанына 100 жыл. Ғаламат жазушының ғасырлық мерекесі жыл бойы тойланып келеді. Мына дәстүрлі театрға осыншама көрерменнің, әкесінің оқырмандарының жиылғанына жазушының қызы дән разы. Әкесінің «Менің атым – Қожа» повесін орыс тіліне алғаш аударып, қазақтың қарадомалақ баласын жалпақ жұртқа танытқан, осы Самал. Күнде көрсен де жалықпайтын осындай тамаша дүниені түсірген марқұм, өте талантты режиссер Абдолла Қарсақбаевтың рухына – мың тағзым.

Дарынды жазушы мен талантты режиссер бас біріктіріп, шедевр дүние – өлмес кинотуындыны өмірге әкелді. Бұл өзі балаларға арналған фильмдер ішінен 1964 жылы Франциядағы әйгілі Канн фестивалінде жүлдемен оралған көркем фильм.

«Бұл мереке Соқпақбаевтың ғасырлық мерекесі ғана емес, Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың ұсынысымен бұл мереке ЮНЕСКО көлемінде аталып өтуде. Әкемің кітаптарын өздері қайталап оқып, балалары мен немерелеріне оқытқысы келген оқырмандар кітап дүкендерінен таппай, әлі күнге дейін маған хабарласатын кездер болады. Қуанышты жаңалық, әкемің «Менің атым – Қожа» кітабы Сербияда, Эстонияда басылып шықты. Жақында Түркияда «Өлгендер қайтып келмейді» романы түрік тілінде сөйледі. Әкемің атын Түркістан облысында мектепке берді, бірталай кездесу өткізілді, салтанатты шараларға қатысып қайттым. Әкемің кітаптарын оқып, қазақтың рухани жан-дүниесін дәл бере білген әкемің шығармаларын әлі күнге үзбей оқып, бағалғанына әке рухы да разы болар, сіздерді көргеніме өзімді бақытты санаймын. Әкемің ғасырлық мерекесімен байланысты қала жұртшылығымен жылы жүздесулер өткізуге ықпал етіп, жәрдемдесіп, қолдаған қала әкімі Ерболат Досаев мырзаға, қала әкімшілігіне алғыс айтамын», – деді жазушының қызы, белгілі аудармашы Самал Соқпақбаева.

Театр сахнасында Мейрамбек Беспасев, Айгүл Үлкенбаева, «Қоңыр» тобы, Тілеулес Құрманғалиев, Айгүл Қосанова, Отанбек Еңсехан, «Алтынай» мемлекеттік халық биі ансамблі, «Сенім» балалар хоры, Бекжан Тұрыс, Ерлан Біләл, Қуаныш Бейсегалиев, Руслан Абу ән-биден шашу шашып, күй төгілтіп, жазушы шығармасынан көркемөз оқыды.

«Мына залда қазақтың ұлы жазушысы Бердібек Соқпақбаевты оқыған адамдар отыр. Өмірде алатынын ала алмай кеткен ақын-жазушылар болды. Олар – Мұқағали Мақатаев пен Бердібек Соқпақбаев. Көзінің тірісінде ешқандай ықыласқа, марапатқа ие болмаған осылар. Бердібек өзі туралы жазды. «Менің атым – Қожаны» оқысаң, өзіңнің қазақ болғаныңа қуанасың», – деді әдеби кеште Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының төрағасы Мереке Құлкенов.



ГАСТРОЛЬ

НЕМІС ЦИРКІ - АЛМАТЫДА

Алматыда ағайынды Гертнер неміс циркінің «Пілдегі жолбарыс» атты шоуы басталды.

Рая
ЕСКЕНДІР

Қайырымдылық қойылымына мүмкіндігі шектеулі балалар, әлеуметтік аз қамтылған отбасы балалары, «Шапағат», «Шаңырақ» әлеуметтік қызмет көрсету орталықтары, «Бостандық ауданының мүгедектер қоғамы» қоғамдық бірлестігі, «Наурызбай ауданының мүгедектер қоғамы» қоғамдық бірлестігі, «ҚР Ардагерлер ұйымы», «Ерекше балалардың ата-аналар одағы», «Тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына әлеуметтік көмек көрсету орталығы», «Еркеле» қоғамдық қоры, «Ана тілегі» ҚҚ, ««Birge Birlikke Samgash» тұрмысы төмен азаматтарды қолдау» ҚҚ, «Шыңға өрлеу» ҚҚ, «Биік Белеске Бағыт» ҚҚ шақырылды.



«Мұндай қайырымдылық қойылымдарын өткізіп отыру Қазақ мемлекеттік циркінің тұрақты дәстүріне айналады. Ұлттық мереке – Республика күні құрметіне Алматы циркі және Алматы қалалық мәслихаты Қоғамдық кеңеспен бірлесіп, «Пілдегі жолбарыс» атты жарқын цирк шоуын ұсынды. Бұл қойылымға Қазақ мемлекеттік циркінің әртістері де қатысты. 1768 адам дегін цирк қойылымын тамашалай алады», – деді Қазақ мемлекеттік циркінің директоры Максат Жайыков.

Аталған шоу бағдарламада үйретілген пілдер, голландтық фриздер, астрахандық түйелер, әуе гимнасттары, акробаттар, эквилибристер және көңілді сайқымазақтар өнер көрсетті. Осылайша Еуропаның үздік әртістері, цирк өнерінің халықаралық фестивалінің жеңімпаздары өз көрермендеріне керемет көңіл күй сыйлайды.

Ағайынды Гертнер неміс циркінің гастролі Алматы циркінде 5 қазаннан бастап, 24 қарашаға дейін жалғасады.